



## СЕССИЯ

# Ұлтаралық келісім – мәңгілік құндылық

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясы өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев жиынға қатысушыларды сессия жұмысының басталуымен құттықтап, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау ісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызды ролін атап өтті.

– Жаһандық әлем күшті трансформацияны бастан өткізіп отыр. Біз бәріміз мүлде жаңа тарихи дәуірде өмір сүріп жатқанымызды түсінеміз. Экономика, қоғам өмірі және технология түбегейлі өзгерді. Бұл жаңалықтарды қабылдап, көп нәрсені үйренеміз, біраз нәрсені істей аламыз. Бірақ, бұл құбылмалы әлемде бір ғана мәңгі әрі кешенді құндылық бар. Ол – қоғамның бірлігі мен ұлтаралық келісім, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздік жылдары Қазақстан халқының елімізде этносаралық қарым-қатынастардың келешегіне қатысты деструктивті болжамдардың бәрін жоққа шығарғанына назар аударды.

– Біз экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мықты мемлекет құрдық. Тарих сынақтарының бәрін бірге еңсердік. Прагматикалық және сарабал сыртқы саясатымыздың арқасында халықаралық деңгейдегі биіктіктің. Еліміздегі этносаралық қарым-қатынастардың үлгісі теңдестірілген, уақыт жағынан тиімді әрі тәжірибеден өткізілген. Бұл бәріне үлгі болуға тиіс, – деді Елбасы.

Сессия барысында Елбасы Қазақстан қоғамындағы тұрақтылықты сақтау үшін барлық тетіктердің қалыптасуы әрі тиімді жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.



Қазақстанның Тұңғыш Президенті мемлекеттік органдар жанындағы медиация институты мен қоғамдық кеңестердің жұмысын жандандыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар, Елбасы Ассамблея кәсіпкерлерінің қауымдастығы арқылы шетелдік инвесторлармен экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға және Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттық корпусының әлеуетін белсенді пайдалануға шақырды.

Нұрсұлтан Назарбаев сөйлеген сөзінде барша мұсылман қауымын алдағы

қасиетті Рамазан айының басталуымен және христиан өкілдерін Пасха мерекесімен құттықтады.

– Халқымызға, соның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық мүшесіне қолдау көрсетіп, түсіністік танытқаны үшін ризашылығымызды білдіргім келеді. Президент сайлауы 9 маусымға тағайындалды. «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кандидатурасы ұсынылды. Ол – тәжірибелі мемлекет қайраткері, елге басшылық етуге лайық

Қазақстанның нағыз патриоты. Барша қазақстандықтарды, Ассамблеяның мүшелерін алдағы сайлауға белсенді атсалысып, тағы бір рет бірлігімізді танытуға шақырамын. Барша қазақстандықтарға аспандарының ашық болуын, әр отбасына бейбіт өмір, амандық және бақ-береке тілеймін, – деді Тұңғыш Президент.

Сессия барысында ҚХА Төрағасының жаңа орынбасарлары болып Юсуп Келигов және Шерзод Пулатов тағайындалды.

## Құттықтау!

Құрметті жерлестер! Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Біз – бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолына жұмылған қуатты елміз.

Бүгінде көпэтносты республикамызда 130 этникалық және 18 конфессиялық топтың, соның ішінде біздің облыста 35 этнос өкілі тату-тәтті өмір сүріп, бірліктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Басты игілігіміз – көпэтносты мемлекетіміздің ырысты ынтымағы мен берекелі бірлігі.

## Қадірлі сырбойылықтар!

Достық пен татулық, ынтымақ пен бірлік мерекесінде Сіздерге зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, отбастарыңызға амандық тілеймін. Бейбіт өмірдің берекесі, халқымыздың ырыс-несібесі арта берсін!

Мерекелеріңізбен, қымбатты жерлестер!

Құрметпен,  
Қызылорда облысының әкімі  
Қ.ҚОШЕРБАЕВ.

# Евгений Елбасына жобаларын таныстырды

Жерлесіміз, жас IT маман Евгений Демиденко жаңа буынның сұранысына жауап беретін YouTube видеохостингінің баламасын әзірлеуде. Бұл туралы Евгений Елбасы Н.Назарбаевқа ҚХА-ның 27-ші сессиясында айтып берді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



– Бұл – гибридтік ұшпақ. Қазіргі таңда мен «i LEARN» мобильді қосымшасы бойынша жұмыс істеп жатырмын. Бұл YouTube-тің баламасы. Жоба «Google sense fair» олимпиадасында 25 мың қатысушының ішінен екінші орынды иеленді. Сондай-ақ, менде биологиялық процестердің 4 D анимациясы бар, ол тірі ағзаның кез келген процестерін модельдеуге және көруге мүмкіндік береді. Оңтүстік Кореяда өткен байқауда аталған жобам бойынша алтын медальді иеленді. Сонымен қатар, «Карманный логист» қосымшамды Play Market арқылы миллион адам қолдануда, – дейді ол.

Сөз соңында Евгений Демиденко авиация өнеркәсібі, интернет-телевизия, биология, анимация және сауда логистикасын – IT бағдарламалау арқылы игеріп, түрлі жоба жасауға болатынын да айтты.

– Назарбаев Университетінде білімді шыңдап, Қазақстанда жұмыс істемісіңіз келеді. Жастар бір-бірімен білімін бөлісуі керек. Мен жазғы лагерь алаңында Ассамблеяның арнайы жастар маусымын өткізуді ұсынамын. Ол шараға Сізді шақырамын, құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Мен бақыттымын! Тәуелсіз елім бар, көк байрағым, желбіреген жерім бар. Максаттарыма жетуіме ешбір кедергі жоқ. Мүмкіндігі мол елде өскен ұрпақтың өкілі ретінде Сіздің қамқорлығыңызға алғысым шексіз! – деп түйіндеді сөзін.

Талапты жас Қызылорда қаласындағы №2 «Мұрагер» мектебінің 11-сынып оқушысы. «НАСК DAY-2017» идеялар фестивалінде өз жобаларын ұсынып, мамандар тарапынан жоғары бағасын алған. 2015-2016 жылдары «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасының жеңімпазы атанған. Сондай-ақ, 2018 жылы Оңтүстік Кореяның Дэлжон қаласында өткен «Жас ғалым» халықаралық ғылыми жобалар конкурсында I дәрежелі диплом иеленсе, «Инфоматрикс» халықаралық жарысында компьютерлік жобалар бойынша II дәрежелі диплом иегері атанды.

## САПАР

# Саланы цифрландыру жұмысы қарқынды

Шиели ауданында күріш егісіне алғашқы дән себу рәсімі өтіп, «Дала күні» дәстүрлі семинар-кеңесі аясында сырбойылық шаруалар агросекторды цифрландыру, дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасты. Ауданға жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Ақмауа Smart Farm» ақылды ферма» жобасының жүзеге асу барысымен танысты.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Аймақтағы «Ақмауа» шаруа қожалығы FMIS – «ақылды ферма» зияткерлік геоаппараттық форманы қолданатын пилоттық шаруашылық. Ол жедел навигацияны, өріс деректерін толық талдауды және өндірістік процестердің мониторингін қамтиды. Семинар-кеңесте аталған шаруа қожалығының егіс алқабында ауыл шаруашылығы саласын цифрландыру, агродрондарды егіншілікте пайдалану ерекшеліктері, ауыл шаруашылығының жаңа техникалары мен технологияларын өндіріске енгізу мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ, «Ақылды ферма» технологиялары бойынша арнайы көрме ұйымдастырылып, 10 кәсіпорын сырбойылық шаруаларға ауыл шаруашылығы техникалары, гербицид, тыңайтқыштың жаңа түрлерін таныстырды.



Жиынға аудан, қала әкімдері мен орынбасарлары, облыстық басқармалар мен тиісті салалық мекемелер, қоғамдық ұйымдар, шаруашылық басшылары қатысты.

Семинар-кеңесте облыс әкімі су үнемдейтін суару технологияларын белсенді енгізуді және басқа елді мекендерде «ақылды фермаларды» құру

тәжірибесін қабылдау керегін ерекше атап өтті.

– Былғы дән себу рәсімін өткізуде Шиели ауданындағы Ақмауа ауылын бекер таңдаған жоқпыз. Себебі, күріш өсіру тарихына үңілсек, осы ауылдың топырағы – кезінде 16 Еңбек ерін шығарған қасиетті мекен.

– Аса құрметті Елбасы! Өткен жылы мен цифрлық технологиялардың көмегімен «Boeing 757» ұшағының базасы негізінде техникалық және жобалық ұшақтардың апгрейді бойынша жоба жасадым. Бұл жобаны «Boeing» компаниясы сатып алды. Қазіргі уақытта ол жоба Ұлыбританиядағы Кренфилд аэроғарыш университетінде іске асыру сатысында жатыр, – деген ол IT мамандығының болашағының зор екендігін тілге тиек етті. Сондай-ақ, Жастар жылына орай «Жас маман» жобасы іске асатын болса, 200 білім беру мекемесінің базасында 100 ең танымал өндірістік және сервистік мамандықтар бойынша мамандар даярлау үлкен мүмкіндіктің кілті екеніне де тоқталды.

Айта кету керек, жерлесіміздің жобасы әуе кемелерінің құрастыру құнын төмендетіп, жолаушылар санын көбейтуге, лайнердің қауіпсіздігін және энергия тиімділігін арттыруға арналған. Ең бастысы, бұл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету персоналы қажет емес.

88 мың: газдандыру ісі жалғасады

Бүгінде «көгілдір отынға» қосылған қызылордалық абоненттер саны 88 мыңға жетті. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ өндірістік филиалының дәстүрлі есеп беру жиынында филиал директорының міндетін атқарушы Нұрлан Құрманбаев осылай деді.

2015-2019 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама 109 процентке орындалды. Бағдарлама шеңберінде Қызылорда, Арал, Байқоңыр қалалары мен Әйтеке би, Шиели, Жанакорған кенттерін

газдандыру жұмысы атқарылды. Былтыр жабдықтар күрделі жөндеуден өткізілді.

– Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін аймақта газбен қамтамасыз ету жөніндегі халыққа қызмет көрсету орталығы іске қосылды. Газды пайдалану қауіпсіздігі жөнінде ақпарат құралдарында ескерту түріндегі материалдар жарияланып келеді, – деді Н.Құрманбаев.

Филиал биыл тұтынушыларға сапа, тиімділік, сенімділікті ескере отырып қызмет көрсетуді, инвестициялық бағдарламаны орындауды жалғастырады.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

# Саланы цифрландыру жұмысы қарқынды

Биыл да күріш тұқымын сауықтыру, әртарапандыру бағытында майлы, малазықтық, картоп, бақша дақылдарының өнімділігін жоғарылату және суармалы жерлерді қалпына келтіру бағытында бірқатар жобаларды қаржыландыруды қолға алдық. Агро-өнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша елімізде маңызды жобалар іске асырылуда. Осы орайда, Сыр өңірінде де ауыз толтырып айтатын жұмыстар жүзеге асырылуда. Бір ғана мысал, мемлекеттік қолдауларды ұтымды пайдаланған облыс егіншілері соңғы жылдары, ақ күріштің молшылығын жасауда табысты еңбек етіп, жыл сайын ел қамбасына жарты миллион тонна астық құйып келеді. Сонымен бірге, өткен жылы орын алған су тапшылығын болдырмау үшін артық егілетін күрішке суармалы су жеткізіп беруді әкімдік өз мойнына алмайтындығын шаруашылық басшыларына тағы да ескерткім келеді, – деді аймақ басшысы.

Бекітілген ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру сызбасына сәйкес биыл аймақ дикандарына тұрақты суаруға 4,2 млрд текше метр су қажет. 2019 жылғы 18 сәуірдегі жағдай бойынша, «Шардара» су қоймасында 5,1 млрд текше метр, «Көксарай» су реттегішінде 2,1 млрд текше метр су жиналуда.

«Дала күнінде» көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысы және әртарапандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ауыл шаруашылығы басқармасының және жауапты мекемелер мен ұйымдардың басшылары, аудан әкімдері баяндады.

Биыл облыста 178,6 мың гектар ауыл шаруашылығы дақыл, оның ішінде 93,5 мың гектар аумаққа дәнді дақыл, 7,2 мың гектар майлы дақыл егіледі. Азықтық дақылды 60,7 мың, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын 17,2 мың гектарға егу жоспарланған. Сонымен қатар, 83 мың гектардан астам күріш егіледі.

Шиелі ауданында 27372 гектарға егіс егу жоспарланса, оның ішінде дәнді дақылдар 13127, майлы дақылдар 2100, малазықтық дақылдар 8564, картоп, көкөніс, бақша 4581 гектарды құрайды. Аудан әкімі Әшім Оразбекұлының айтуынша, негізгі дақыл күріштің көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 1047 гектарға қысқарып, әртарапандыру бағдарламасы аясында бидай, жоньшқа, мақсары дақылдарының көлемі көбейтілген.

Ал, саланы цифрландыруға ден қойған «Ақмая» шаруа қожалығы биыл 1333 гектар алқапқа егін егеді.

I-бет

## КӨРМЕ

# Отандық өнімнің орны бөлек

Шағын және орта бизнесті ілгерілету, отандық өнімнің қатарын көбейту арқылы аймақ экономикасын дамыту – қазіргі басты міндеттің бірі. А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өткен «Қызылордада жасалған» тауарлар көрмесі осыны мақсат етті.

Мөлідр ҚАЛЫМБЕТ.

Көрме сөрелерінен «Аралтұз» серіктестігінің, ел ризалығына кенелген «РЗА» акционерлік қоғамының азық-түлік өнімдері, ұлттық нақыштағы киімдер мен зергерлік бұйымдар, «Далатекс» ерлер жейдесі, құрылыс заттары орын алды. Көрмені тамашалағандардың



– Ақылды технология шаруашылықты жүргізуге айтарлықтай тиімді болатын секілді, себебі жерге таллама жасап, калий, фосфор, сульфаттың көлемін анықтау мүмкіндігіне ие болдық. Жаңа технология арқылы өнімді жоғары деңгейде алу жоспарланған. Бұрын әр гектардан 58-62 центнерден өнім алсақ, биыл 70-72 центнер өнім жинаймыз деген ойдамыз, – деді шаруа қожалығының төрағасы Дәулет Жүмбаев.

Жиында өзге аудан әкімдері де биылғы жылғы егістің жайына тоқталды. Бекітілген сызбаға сәйкес биыл Жалағаш ауданында 36465 гектарға егіс егу жоспарланса, оның ішінде негізгі дақыл – күріш алқабының көлемі 21600 гектар. Сондай-ақ, су тапшылығының болу қаупіне байланысты ауданда күріш алқабының көлемі қысқартылған.

Ал Қазалы ауданында 17 329 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру межеленген. Аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев егіс егуде әртарапандыру бағытына ерекше мән берілгенін атап өтті.

Далалық семинардың мақсаты өнімділікті көтеруде қазіргі заман талабына сай заманауи цифрлық технологияларды қолданып, өндіріске енгізу мәселелерін талқылап, таныстыру болатын. «Ақылды ферма» жобасын жүзеге асыру барысында нақты егіншілік элементтері, цифрландырылған егістік жерлер, агродрон-

дарды қолдану, шағын дербес метеостанцияларды пайдалану арқылы шығындарды барынша азайтып, өнімділікті арттыруға болатыны нақтыланған.

– Облыстың табиғи-климаттық жағдайында егін шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін ғылыми-зерттеу институттарының жетістіктерін өндіріске енгізіп, инновациялық жобаларды іске асыруымыз қажет. Бұл – заманның, уақыттың талабы, – деді облыс әкімі.

Жиында Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры Бақытжан Дүйсенбеков ауыл шаруашылығы кешенін дамыту бағытында 7 жоба қолданылып, 7 шаруашылықта жаңа технологиялар енгізілетінін атап өтті.

Аймақта мал азығының мол қорын жинау мақсатында ылғал сақтайтын жаңа технологияларды (аквасорбент, агрогель) пайдалана отырып, құнарлы жерлерде малазықтық дақылдар өсіру жобасы іске асырылуда. «Бесарық» шаруашылық базасында аквасорбенттерді қолдану арқылы 3 гектарға бидай және 2 гектарға мақсары егілді. Жоба Ы.Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының» ЖШС ғалымдарымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта олардың тәжірибесі облыстың басқа шаруашылықтарына да таратылатын болады.

арасында Нұр-Сұлтан қаласынан келген тұрғындар да кездесті.

Шара барысында Айбибі Өтеген ерлер жейдесіне бірден назар аударылды. Оның айтуынша, бұл өнімнің сапасы Түркияның жоғары сұраныстағы бренд тауарларынан кем емес.

– Еңбек демалысын пайдаланып, туған жерге келген болатынмын. Жақын-дарымның арқасында осындай маңызы зор шарадан табыла кеттім. Көрмеде таңдауым «Далатекс» жейделеріне түсті. Аймақ кәсіпкерлерінің осындай игі істерді қолға алып, кәсібін дөңгелетіп отырғанына қатты риза болдым, – деді ол.

Елбасы Жолдауында кәсіпорындарға халық тұтынатын тауарлардың кең ауқымын, «қарапайым заттар экономикасын» игеруді тапсырғаны белгілі. Бұл ретте ішкі нарықты өз тауарларымызбен толтыруға талпыныс жасап жүрген жергілікті компаниялардың еңбегі шынында да мақтауға тұрарлық.

# Теңге монеталарындағы жазу өзгерді

Биылғы жылдың 26 сәуірінен бастап Ұлттық банк айналыстағы номиналдық құны 1,2,5,10,20,50,100 тенгелік монеталар үлгісін жаңа дизайнға шығарды. Монеталардың дизайнын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 20 наурызда мақұлдаған. Бұл туралы Ұлттық банктің Қызылорда филиалында өткен баспасөз мәслихатында сала мамандары мәлімдеді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

– «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 29 маусымдағы №162-VI заңға сәйкес ҚР мемлекеттік Елтаңбасына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі «Қазақстан» деген сөз латын графикасының негізіндегі әліпби пайдаланыла отырып «QAZAQSTAN» деп жазылды. Елтаңба теңге монеталарындағы дизайнды өзгерту элементі болып табылатындықтан, Ұлттық банк 2019 жылғы дизайны өзгертілген айналыстағы монеталарды айналысқа шығару туралы шешім қабылдады, олардағы жазулар латын графикасының негізіндегі әліпби

пайдаланыла отырып, мемлекеттік тілде орындалған. Айналыстағы монеталардың сырт жағында «QAZAQSTAN» деген жазуы бар елтаңба бейнеленген және «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY» деген жазуы бар. Айналыстағы монеталардың бет жағында монеталар номиналының цифрлық бейнеленуі, сонымен қатар «TENGE» жазуы және шығарған банк атауының қысқартылған белгісі «QUB» бар, – деді Ұлттық банктің Қызылорда филиалы директорының орынбасары Наталья Шек.

Бір атап айтарлығы, айналыстағы монеталардың техникалық және заттай өлшемдері өзгеріссіз сақталған.

Қызылорда жоғары медициналық колледжінде кезектен тыс Президент сайлауына арналған шара өтті. Онда студенттер сайлау туралы егжей-тегжейлі мәліметтерімен танысты. Айта кетейік, мұндағы жастар арасында сайлауға алғаш рет қатысқалы отырғандар да бар.

# Жастар жауапты науқанға дайын

– Сайлау – елдің тұрақтылығын, қоғамның тұтастығын танытатын саяси сынақ. Енді осы жолда елдігіміздің сыналар шағында ауызбіршілік таңытып, осы тұрақтылығымыздан танауымыз керек, – деді жиында колледждегі жастар ұйымының жетекшісі Раушанбек Шарапат.

Сайлаудың маңыздығына ой жүргіртпін, жауапкершілік жүгін сезініп жүрген жастардың бірі – шиелілік Исламхан Нығмет. Фармация мамандығының II курсына оқитын ол болашақта халықты сапалы дәрі-

дәрмек қамтумен айналыссам дейді. – Жас та болсақ, бұл сайлаудың мәні мен маңызы тереңде екенін ұғындық. Бекем бірлігіміз бен түзу тірлігімізді жалғап, бұл сайлауда да отандастарымыздың дұрыс таңдау жасайтынына сенемін, – деді жалынды жас.

Кездесуде колледждің өнерлі жастары ән шырқап, жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«СБ» ақпарат.

# Диплом да алады, жұмыс та табады

Облыстық жастар ресурстық орталығында бос жұмыс орындары жармеңкесі өтті. Шараның ерекшелігі сол, мұнда қолына дипломын ұстаған мамандар емес, бірнеше айдан соң университет бітіретін 70 жас келді. Оларға облыс бойынша 21 мекемеден 200-ден аса жұмыс орны ұсынылды.

Дәулет ҚЫРДАН.



– Мұндай жәрмеңке бұған дейін жылына бір рет қана өтетін. Жастар жылына орай үшінші мәрте өткізіп жатырмыз. Басты мақсат – жастардың оқу орнын тәмамдаған соң бос жүріп қалмауы. Келіп жатқан жастардың қатары да қалың. Олардың ізденімпаздығы қуантады, – деді

орталықтың рекрутинг және бизнес инкубатор бөлімінің аға кеңесшісі Сәдірбек Жұмабеков.

Қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімімен бірлесіп өткен шарада жұмыс іздеуші мен жұмыс беруші арасында ашық диалог та болды.

# Жерлестер жеңімпаздарды қарсы алды

Таиланд астанасы Бангкоктең бірі алтын, бірі күміс тағып оралған жерлестеріміз Тұрсынбай Құлахмет пен Қамшыбек Қоңқаевты өткен сенбі күні қала жұртшылығы Қорқыт ата әуежайынан қарсы алды.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Бокстан өткен Азия чемпионатында ел намысын қорғаған қызылордалық боксшылар Т.Құлахмет пен Қ.Қоңқаевтың жеңіс тұғырына көтерілгенін бұған дейін де хабарлаған болатынбыз.

Әуежайға жиналған жұртшылық – қала әкімдігінің, облыстық спорт және денешынықтыру басқармасының өкілдері, спорт мектептерінің ұстаздары мен шәкірттері, қос жеңімпаздың ағайын-туыстары чемпиондарды құттықтап, қазақтың абыройын асқақтатқандардың мерейін көтерді.

«Тұрсынбай мен Қамшыбек біздің мақтаныштарымыз!» деп шаттанған шәкірттер жеңімпаздардан қолтаңба алысты.

– Алдағы күз айында Ресейде өтетін әлем чемпионаты олимпиада жолдамасын сараптайды. Осы жол бұйырса деп отырмыз. Егер ұлттық құрама басшылары бізді чемпионатқа барады деп шешсе, бұл сында да жеңіп шығып, Токио олимпиадасында көк туымызды желбіретсек деген мақсатымыз бар» – деді қос жүлдегер көпшілікке өз алғыстарын білдіріп.

Еске сала кетейік, Т.Құлахметтің бұған дейін халықаралық турнирлерде топ жарған ел чемпионы, ал, Қ.Қоңқаевтың әлем чемпионатының күміс жүлдегері болды.



## КОНФЕРЕНЦИЯ

Кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханада «Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік: жағдайы, мәселесі, даму перспективалары» атты конференция өтті.

Назерке САНИЯЗОВА.

# Әлеуметтік кәсіпкерлік түсінігін талдады

Конференцияны облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Ашық азаматтық қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығы ұйымдастырды. Онда Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік кәсіпкері Эмин Өскеров, Алматы менеджмент университеті әлеуметтік кәсіпкерлік орталығының директоры Нұржан Әлжанова, «1+1» әлеуметтік жобасының жетекшісі Дильназ Ишетай әлеуметтік кәсіпкерлік түсінігін талдап, маңызы жөнінде сөз қозғады.

Шара барысында жергілікті әлеуметтік кәсіпкерлер қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Оған кейін конференция қонақтары тақырыпқа сай шеберлік дәрістерін оқыды.

■ ДЕЛЕГАТТАР ШІКІРІ

## Өзекті мәселелер қозғалды

Кеше Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясына қатысты. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев онда қоғамда орын алып жатқан маңызды мәселелерді қозғады. Оның ішінде медиация институты жайлы айтқан ойы көңілінен шықты. Себебі, қандай да бір дау медиаторларға жүгінер болсақ, оқиға ымыраластықпен

шешілетіні сөзсіз. Бұл туысқандардың, не бауырлардың, болмаса көршілердің арасындағы сыйластықты, адамгершілік секілді асыл қасиеттердің сақталуына септігін тигізеді.

Бүгінде Ассамблея қамқорлығымен 800-ден астам қоғамдық медиатор жұмыс істесе, олардың белсенді араласуының арқасында өткен жылы 20 мыңға жуық медиациялық келісім жасалған. Даулар қандай

да бір ұшығуға жол берілместен шешімін тапқан. Жалпы мәселені сотқа жеткізбей шешудің елімізге берері көп. Оның үстіне бүгінде медиация институты сот жүйесінде, денсаулық сақтау, білім саласында айтарлықтай тәжірибе жинақтап үлгерді.

**Жұма НАФИСА,**  
**“Бірлік-Единство”**  
**этно-мәдени бірлестігінің төрайымы.**

## Бейбіт елдегі баянды өмір

Жыл сайын Елбасы Н.Назарбаевтың төрағалығымен елордамыз Нұр-Сұлтанға ҚХА-ның сессиясы өтеді. Биыл да бұл жиын өз жалғасын тапты. Кез келген ел үшін қоғамдық келісім мен ұлтаралық бірліктің маңызы зор. Себебі, ауызбірлігі бар елде береке мен ынтымақ болары сөзсіз. Бұл тұрғыда Қазақстан өзгелерге үлгі мемлекет. Сессияда Елбасы “Жаһандық әлем біздің көз алдымызда қуатты трансформацияны бастан кешуде. Біз бәрін түсінеміз және жаңа тарихи дәуірде өмір сүреміз. Айналамыздағы басқа әлем, басқа технология жүріп

жатыр. Бірақ мұндай ауыспалы шақта бір тұрақты іргелі құндылық бар - бұл қоғамның бірлігі мен ұлтаралық келісім” деп қоғамдық бірліктің маңыздылығын еске салды. Елбасының бұл сөзі қоғамдағы бірліктің баға жетпес байлық екенін тағы бір нақтылай түсті.

Ел-халқы тұрақтылықтың, ынтымақтың, ауызбірліктің қадірін бағалай білгені жөн. Өйткені, бейбіт елде ғана баянды өмір сүруге болады.

Қазіргі таңда әлемде түрлі жағдайлар орын алуда. Жер бетінде мигранттар саны 250 миллион адамнан асқан. Оның

ішінде 70 миллионға жуығы босқындар екен. Олар үйлерін тастап, балаларымен қайғының ашы дәмін татып, белгісіз елдерді шарлап жүр. Соның әсерінен көптеген елдердегі ұлттардың тұрмыс салты күрт өзгеруде. Біз ондай қасіретті көрген жоқпыз. Ендігі жерде осы тұтастығымыз, бірлігіміз мызғамастай болып арта берсе екен.

**Валерий ПАК,**  
**“Қызылорда облысы**  
**кәрістерінің**  
**жастар қозғалысы”**  
**қоғамдық**  
**бірлестігінің төрағасы.**

## Бірлікті сақтау жастардың қолында

Кешегі өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX-VII сессиясынан ерекше әсер алдым. 1500 адам қатысқан жиында елдің бірлігі, қазақ тіліне деген құрмет, қазақ жерін өркендету диалогының орталығына айналдыру, жергілікті жерлерде және орталықта билік органдары жанынан құрылған барлық қоғамдық кеңестердің қызметін нақты регламенттеу секілді мәселелер сөз болды. Әсіресе, әлеуметтік желіде отырып діни өшпенділік

отын жағатындарды жазадан тыс қалдыруға болмайтыны баса айтылды.

Қазіргі таңда біз жастар әлеуметтік желілерде көп отырамыз. Оның пайдасымен қатар кері әсері де басым екендігін білгеніміз жөн. Мәселен, желіні елдің арасында ірікті салу мақсатында пайдаланатындар кездесіп жатады. Ендігі жерде олар жазасыз қалмайды. Бұл жақсы бастама деп ойлаймын.

Сессиядан тағы бір түйгенім, елдің бірлігін сақтау,

ынтымағын жарастыру, берекесін келтіру жастардың қолында.

Жалпы Елбасының айтқан әрбір сөзі мен бастамасы маған қанат бітіргендей болды. Мен де болашақта еліміздің бір кірпіші болып қалғаным келеді. Ел игілігі жолында еңбек ететін боламын.

**Лидия СЫЧЕВА,**  
**Қазанғап атындағы**  
**Қызылорда музыкалық**  
**колледжінің студенті.**

## Байтақ елден бақыт тапқан

**Облыстың ағарту саласына арнаған саналы еңбегімен ел құрметіне бөленген тыл ардагері Евдокия Савчеваның балалық шағы ауыр жағдайда өтті.**

**Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ.**

– Балалық шағым Қазалы ауданында өтті. Соғыс жылдары бір бөлке нанды сатып алудың өзі қиын болатын. Қазір сол күндерді еске түсірсем бәрі де ертегі сияқты. Бүгінгі балалар бақытты ғой. Олар біз көрген қиыншылықтың бірін де көрмей, бейбіт заманда өмір сүреді. Иә, Жаратқан ием оларға «соғыс» деген сөзді естіртпей, бақытты өссе екен, – деп басынан өткерген өмірін еске алады Евдокия.

Ол 1945 жылы он жасында мектеп табалдырығын аттады.

Кейіннен бойжеткен Евдокия Қарақалпақстанның астанасы Нөкіс қаласындағы педагогикалық институттың ағылшын тілі бөліміне оқуға түсті. Оны тәмамдаған соң еңбек жолын сол елдегі Кедейлі қаласындағы орта мектепте бастайды.

Қарақалпақстанда екі жыл қызмет етіп, Қазалыға оралды. Мамандығы бойынша ұзақ жыл шәкірт тәрбиеледі. Кейін Байқоңыр қаласындағы №7 мектепте ұстаздық етеді.

Ол өмірде білім саласын дамытуға қосқан еңбегі үшін

«Қаз КСР халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі» төбелгілермен, Байқоңыр қалалық білім бөлімінің құрмет грамотасымен марапатталған.

– Қазақстан – бірлігі мен ынтымағы жарасқан көпұлтты мемлекет. Мен осы киелі елде туып-өсіп, өндім. Бақытымды да осы елден таптым. Міне, маған осындай шаттыққа толы ғұмыр сыйлаған елде туғаным мақтанамын. Қазақ халқы мен үшін туғанымдай болып кетті. Тұңғыш Елбасының байыпты саясатының арқасында елімізде сандаған ұлттар мен ұлыстардың өкілдері татулық ұязына ұйып, бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүреді, – дейді еңбек ардагері.

Байқоңыр қаласы.

## Абай оқуларының үздігі

**Қазалы ауданында бірнеше ұлттың өкілдері өмір сүреді. Баршасы бір-бірімен қыз беріп, келін түсіріп, құда-жекжат атанып, тонның ішкі бауындай жақын араласады. Қазақтың әдет-ғұрпына, тіліне де аса жетік. Кеңес кезінде ұлты орыс бір азаматтың әскерден анысына «Мама, мені уайымдама. Бізде бәрі жақсы. Бір қиыны, бөлімде екі ғана қазақпыз. Қалғаны өзге ұлт өкілдері» деп әзілді-шыңды хат жазғаны да бар.**

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**

Мемлекеттік тілді қастер тұтып, халқымыздың сағт-дәстүрін дәріптеген жандардың бірі – Баркова Наталия Андреевна десек, орынды шығар. Наталиямен тілдесу барысында оның алға қойған мақсатын қалайда бағындыруды мұрат тұтатынын сезінгендей болдым.

Наталия – Ресейдің Брянск облысында дүниеге келген. Кейін кейіпкерімнің отбасы тұрмыс жағдайына байланысты Қазалы ауданына қоныс аударған соң, қазақ мектебінде дәріс алады. Білім ордасының табалдырығын небәрі бес жасында аттаған ол мектеп қабырғасында жүргенде кітапқұмар, үздік оқушы атанды. Алғашқыда қазақ ертегілерін қызыға оқып, кейін Абайдың қара сөздеріне ден қояды. Білімге құштарлығы оны ұстаздық жолға жетеледі. Қызылордадағы «Болашақ» университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» факультетін бітіріп, мамандығымен еңбек жолын бастаған бір кездегі балауса қыз жылдар жылжығанда ұлағатты ұстаз, ибалы келін, салихалы отанасына айналды.

Наталия көпшілік жақсы білетін қазақ отбасына келін боп түсті. Атасы Мергенбай ауыл-



аймаққа белгілі, дарқан мінезді адам болатын. Мұны өзінің перзентінен кем көрген жоқ.

«Атам марқұм, адамгершілігі мол жан еді. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген ғой, ол кісіден көп тағылым-тәрбие алдым. Өмірде не кездеспейді дейсіз? Қазірде қиналған немесе сынға түсер сәтте атамды есіме алып, алға ұмтыламын. Қарашаңырақтағы келін болғандықтан әулеттегі ізгі дәстүрді жалғастыру жолдасым Рүстем екеуміздің міндетім деп ұғамын» деген лебізін естігенде Нұрдаулет, Нұрслам атты қос

құлыншақтың анасы, орыс қызы Наталияға іштей ризашылығымыз жаудырдым.

Наталия Баркованың Абай атамның қара сөздеріне деген құштарлығы ешқашан көмескіленген емес. Біршама уақыт бұрын Абай оқуларынан ауданда бас жүлде, облыста I орын алып, республикаға жолдама алған сәті әлі есінде. Қазылар алқасының құрамы осынау сымбатты келіштің маржан сөздерге жетіктігіне тәңтілік танытқан еді. Қостанайдағы Абай оқуларының республикалық байқауларына қатысу барысында Наталия өзгелерге тосын қырымен танылды. Аталған байқаудың шартында он салу деген бөлімі бар екенін көргенде тосылған жоқ. Өзін осы байқауға дайындаған Қазалы қалалық мәдениет үйінің әдіскері, танымал өнерпаз, әнші Айбек Мәмбетовпен ақылдасып, домбыра үйренуге шешім қабылдады. Бала кезінде қолына аздап домбыра ұстағаны барды. Елгезек мінезді Айбек ағасы бұл ұсынғысты жөн санаған соң, дайындыққа кірісті. Талаптыға нұр жауатыны рас екен. Байқауда Абайдың «Сегізаяқ» деген әнін домбырамен шарықтата шырыққан орыс қызына қостанайлық көрермендер ерекше қошемет білдірді. Қарсыластарынан дара шыққан Наталия Баркова Қазалыға жеңімпаз атанып оралғанда туған-туыс, ұжымның шаттығына шек болмады. Әсіресе, Айбек ағасы қатты қуанды.

Орыс қызы, қазақтың келіні Наталия Баркова елімізде бейбіт күн мәңгі шуағын шашып тұруын тілейді.

Қазалы ауданы.

## Мыңдаған шәкіртімен мақтанады

**Өткен ғасырдың басында адамзат өмірінде өшпестей із қалдырған өктем саясаттың салдарынан көптеген халықтардың тағдыры сынға түскені тарихтан белгілі. Дәл сол уақытта кең-байтақ қазақ жері ата-қонысынан айырылған талай ұлттар мен ұлыстарға құшағын айқара ашты. Адал пейілімен ақ дастарқанын жайып, ішер асын, ыстық ықыласын бөлісті. Міне, осылайша даладай дархан пейілді қазақ елі көпұлтты зайырлы мемлекетке айналды. Бүгінде Тәуелсіздігіміздің тартуын тең бөлісіп, бір тудың астында емін-еркін өмір сүріп жатқан жүзден астам ұлт өкілдерінің арман-мақсаты бір. Яғни ол – баянды тірлік, бейбіт өмір!**

**Ғазиза ӘБІЛДА.**

Иә, сонау кезеңнен бері тағмырын терең жайып, тұрмысын қалыптастырып, тірлігінің тінін тапқан ұлт өкілдері Жалағаш ауданында да бар. Солардың бірі – есімі аудан жұртшылығына етене жақын, ұлағатты ұстаз Иванченко Галина Николаевна.

Ол 1949 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Әкесі Кривохожин Николай мал дәрігері болатын. Сол 1950 жылдары Жалағашқа көшіп келеді. Міне, содан бері Галинаның балалық балдәурені, жастық шағы осы Жалағашта өтті. Жастайынан ашық-жарқын мінезді Галина достарының ортасында да сыйлы болды. Көңілді кештерде әулетіп ән салғанды ұнататын.

Бойындағы өнерге, білімге деген құштарлығы оны ардайым алға жетелейтін. Арманы асқақ, мақсаты биік Галина Николаевна жоғары оқу орнын бітірген соң,

алғашқы еңбек жолын Жалағаш ауданының білім саласынан бастады. Ал, 1970 жылы аудан орталығындағы №31 орта мектепке физика және информатика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша жұмысқа орналасты. Білікті ұстаз қырық жылдан астам уақыт ұрпақ тәрбиелеуге қызмет етті. Ұстаз еңбегінің жемісі болар, шәкірттерінің бірақтары беделді қызметтердің биігінен көрінді.

Галина Николаевна жолдасы Александр Иванченкомен бақытты отбасын құрып, 5 бала дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Олардың барлығы да өмірден өз жолдарын тапқан. Бүгінде бірлігі бекем отбасы қазақпен құда-жекжат болса, басқа ұлттармен де туыстық байланыстары тату-тәтті, ынтымақты жарасым тапқан. Өкініштігі, жолдасы Александр өмірден ертерек озды. Ол мықты



ағаш ұстасы еді. Ұстаның қолынан шыққан бұйымдар сәні мен сапасы үйлесіп, ерекше сұранысқа ие болатын.

Елдің баласын оқытып, тәрбиелеуде ерекше құрметке ие болған Иванченко Галина Николаевна 1989 жылы «Қазақ ССР Білім беру ісінің үздігі» атанды. Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған мерекелік төсбелгімен марапатталды. Сондай-ақ, облыс әкімінің «Ең үздік мұғалім» сертификатын, «Құрмет грамотасын», «Алғыс хаттарын» иеленді. Оған қоса, ардақты ана, «Күміс алқа» иегері. Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Ұлағатты ұстаз, ардақты ана Г.Н.Иванченконың еңбектегі зор жеңісін аудан халқы әркез жоғары бағалайды.

## Руслан айтқан “Атамекен”

**Қазақтың талантты әншісі, композитор Ескендір Хасанғалиевтің өзі құлды қасымда отырғандай... Үлкен шараларда алдын ала жазылған әндерге соншалық назарын түспейді ғой. Жанды дауыспен «Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем...» деп ән шырқағанда көлік ішіндегілер сілтдей тынып, құлақ түре қалды. Кейіпкеріміз – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің студенті Руслан Рызманов.**

**Дәулет ҚЫРДАН.**

Қармақшы ауданына қарасты III Интернационал ауылының тумасы. Жазира жазық далада ән айтып өскен өрен. «Көзімнің қарасы», «Айттым әлем, Қаламкас», «Желсіз түнде жарық ай» деп сезімді тулатқан жас «Атамекенді» айтқанда тұла бойың шымырлап сала береді.

– Бұл жігіт сан мәрте топты жарып, өнерін дәлелдеп, ел-жұрттың ықыласын алған. Қай

топқа салсақ та суырылып шығып жүр. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының қолын алып, алғысын да арқалап қайтты. Өзгелер қиналатын талай әнді нақышына келтіре орындап жүр. Болашағынан зор үміт күттіретін азамат, – деді Русланды баптап, бәйгеге қосқан ұстазы Нұркен Әлиасқаров.

Қазақтың домбырасы мен ән өнерін Эйфель түбінде әлем-



ге мойындатқан Әміредей жас таланттың байтақ даламыздан әлі мыңдап шығары анық. Түбіміз

бір дейтін түрік болғанмен, тілі қазақша шыққан қара бала туған жеріндегі №108 орта мектепте

оқып жүріп-ақ өзінің болашағын айқындаған жас. Көпшілік алдында ол алғаш «День Победы» әнін айтып, алғыс арқалады.

– Екінші сыныпта оқитынмын. Мұғалім балаларды жинап, ішінен біразын іріктеп алды. Ішінде мен де болатынмын. Жеңіс күніндегі шарада мен әйгілі «День Победы» әнін айтып бердім. Өнеріме тәңті болды ма, әйтеуір директордың алғыс хатымен марапатталды. Өлбетте, ол алғыс хат менің өмірімде ерекше орын алды. Бұл – менің өмірімдегі ел алғашқы марапат болатын, – деді Р.Рызманов.

Онан бері мектеп қабырғасында жүріп сан мәрте аудандық ән байқауында, жігіттер сайысында, өнер додасында топ жарып жүрді. Абай әндері көңіліне жақын. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер хакімнің сөздерін жадына тоқып өсіпті.

Ауданда «Сыр сұлтаны» атанған сырбаз кейіннен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжіне оқуға түскен. Бұл күнде 4-курс студенті. Бұрын ауылдан ауданға шығып жүрген жас талант енді облыстың намысын арқалап сонау Арқа төсіндегі сайыстарда өнер көрсететін болды.

– Өнерім биікке жетелеп жүр. Өткен жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясына да қатысып келдім. Елбасының алдында ән шырқап, қолым алды. Алғысқа бөлендік, – деді Руслан бауырымыз.

Алғаш көргеннен-ақ, аман-дәк-саулық сұрасқанын қолын қыса жөнелетін илтипатшыл бауыр «ұлтым бөлек» деп тұрған жоқ. Қазақпен бір туған қара баланың талантына тағы бір мәрте куә болдық.

# Сыр руханиятының тарихи бастаулары мен қалыптасу жолдары

Әлем тарихы бүгінгі таңда бұрынғыдай батыс елдерінің мүдделері тұрғысынан ғана емес, ғаламдық өркеніеттер ошағы болған шығыс халықтарының тарихтағы орны мен ролін қаперге ала отырып, қайта зерделенуде.

Бүгінде тарих қойнауынан тамыр тартқан төл мәдениеті, бай әдебиеті мен өнері өрлеу дәуіріне ұласқан Сыр елінің рухани мұрасы халықтың баға жетпес асыл қазынасына айналып отыр.

Бұл ретте түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы, артында мол мұра қалған тарихи тұлға Қорқыт атаның орны бөлек.

Әлем философиясы тарихында Қорқыт ата – ел бірлігін нығайтқан кеменгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін қалаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде танылған.

2014 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасымен Қорқыт ата мемориалды кешеніне көркемдік деңгейі жоғары, тарихи-мифологиялық мән-мазмұны терең, архитектуралық шешімі заманауи талаптарға сай соңғы үлгіде жасалған берік құрылыс материалдарынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде кешеннің маңызды нысандары мұражай, қылуат, амфитеатр, стелла, қошкар мүсіні қайта жаңғыртылды.

Қазіргі кезде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың тікелей басшылығымен Қорқыт мұрасын зерттеу мен зерделеу, насихаттау, соның ішінде әлемдік деңгейде насихаттау ісіне үлкен көңіл бөлініп отыр. Осындай ізгілікті істің жарқын көрінісі ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне бірнеше мемлекетпен бірге отырып, Қорқыт мұраларының ұсынылуы дер едік.

2018 жылы 28 қарашада Маврикий Республикасында өткен ЮНЕСКО-ның 13-сессиясында Қорқыт атаның рухани мұраларының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы ЮНЕСКО-ның ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енуі мәдениет саласы бойынша оқиғалардың ең маңыздысы болып саналады.

Оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы, қаһармандық эпос – «Қорқыт Ата кітабында» қазақ эпосына тән көркемдік кестелермен қатар, қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты деректер де мол. Сондай-ақ, жырда оғыз тайпаларының этникалық тегі, этнографиясы, мекені, әлеуметтік жағдайы, т.б. мәліметтер көп сақталған.

Қорқыт Ата кітабы Сыр елінің руханият тарихының бастау бұлағында тұруымен қатар, әлемдік өркеніеттің негізін қалаған туындыларының бірі болып саналады.

Қорқыт Ата кітабынан кейін Х ғасырдағы эпостық шығарма, Парижде бір данасы сақтаулы тұрған «Оғызнама», XIII-XIV ғасырлардағы Алтын орда қыпшақтарының тілінде жазылған лирикалық поэма – «Махаббатнама» сондай-ақ, XV ғасырдағы «Хұсрау-Шырын» мен Ахмет Йүгінекидің каракид түріктерінің тілінде жазылған, бір данасы Парижде сақталған атақты «Ақиқат сыйы» атты дастаны – бұлар әлемдік әдебиеттің інжу-маржандары болуымен қатар, Сыр жерінде дүниеге келгендіктен, өңір руханиятының да бастау бұлақтары болып саналады.

Оғызнама – түркі халықтарының ежелгі шежіресін генеалогиялық аңыздар негізінде баяндайтын эпостық дастан. Шығарма алғаш ауызша туынды, бертің келе қағазға түсірілген.

«Оғызнаманың» екі нұсқасы бар: бірі – көне ұйғыр әрпімен 13-14 ғасырларда көшірілген, Париждің Ұлттық кітапханасында сақтаулы тұрған, көлемі небәрі 42 бет, әр беті 9 жолдан ғана тұратын нұсқа. Бұл нұсқаны алғаш В.В.Радлов орыс тіліне аударған. Екіншісі – араб әрпімен жазылған, тарихшы, Хиуа ханы Әбілғазы нұсқасы. Әбілғазыдан мұраға қалған екі еңбек бар, бірі – «Шежіре-и таракхима», («Түрікмен шежіресі» 1661), екіншісі – «Шежіре-и түрк» («Түркі шежіресі»). Екі шығарма да Оғыз батырдың ерлік жорықтары, ұрпақтарының игілікті істері, оғыз тайпаларының шығу тегі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, т.б. жайлы жазылған. «Оғызнамада» батыр ұйықтап жатқанда шатырына көктем нұр сәулесінің түсуі, сәуле ішінен көкжал қасқыр шығып, оның қалың қолды бастап жүруі, аспаннан түскен сәулелен сұлу қыздың шығуы секілді діни-мифологиялық көріністер орын алған. «Оғызнаманың» ақиқат пен аңызға бірдей негізделген шығарма деп қарастыруға болады. Мұнда алғашқы қауымдық құрылыс кезінде, сактар мен ғұндар дәуірінде, орта ғасырларда орын алған сан қилы тарихи оқиғалар өзара жалғаса мазмұндалған. Оғыз қағанды белгілі бір адам бейнесіне телу, яғни тарихтағы нақты тұлғасын тану мүмкін емес. Бірақ Оғыздың әдеби бейнесі белгілі тарихи тұлғалар іс-әрекетінің жиынтығы деуге негіз бар, себебі дастан тарихи оқиғалар



желісі бойынша жазылған. Оғыз қағанның анасы Айқаған бейнесін ғалымдар отбасы қамқоршысы Ұмай-ана бейнесімен байланыста қарайды.

Дастан қырықтан астам хикаядан тұрады. Әрбір хикаяда Оғыз қаған туралы белгілі бір оқиғалар баяндалады. Олар: Айқаған атты анадан Оғыздың ерекше көркем болып тууы; сол баланың күн сайын алып болып өсуі; Оғыз батырдың аң аулаудағы ерліктері; Оғыздың ерекше жағдайларда үйленуі; екі әйелінен алты бала сүйгені Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз; Оғыз қағанның дүниенің төрт бұрышына жеңімпаз жорықтары; Еділді, Тибетті, Сирияны және т.б. жерлерді жаулап алғаны; қартайған шағында қасына ілесіп жүретін Ұлы Түрік деген данагөйдің ақылмен ел-жұртын жинап той жасап, жерін алты ұлына бөліп бергені және т.б. Бұлар жырдың негізгі мазмұнын құрайды.

«Оғызнаманың» басты идеясы – бүкіл түркі елін бірлікке шақыру, достық пен адамгершілікке үндеу, сыртқы жауға қарсы күрес болып табылады. Елін, Отанын сүю, оны нығайту үшін жан аямау, халық бостандығы, бақыты үшін болған жорықтарды дәріптеу.

«Оғызнама» – көркем туынды болумен қатар, қазіргі түркітілдес халықтардың ежелгі тарихынан едәуір мағлұмат беретін де шығарма. Онда аңыз күйінде болғанмен, Оғыз батыр мен оның ұрпақтары жасаған әскери жорықтар, оғыз тайпаларының қоныс іздеп көшіп-қонуы, оғыз елінің ішкі қоғамдық-әлеуметтік өмірі, олардың көрші тайпалармен қарым-қатынасы, жер-суаттары туралы тарихи шындыққа жақын деректер бар. Бұл жағынан «Оғызнама» сияқты туындыларды қазіргі тарихи тақырыпқа жазылып жүрген шығармалардың бастапқы үлгілері деп қарауға да болады. Сөйтіп, ежелгі дәуір әдебиеті қазіргі мәдениетіміздің, әдебиетіміздің ертеден келе жатқан үзілмеген желі екені дәйектей түседі. Зерттеушілер арасында «Оғызнама» Сыр бойында жазылған деген деректер бар.

Махаббатнама. «Махаббатнама» – ерте дәуірдегі ескерткіштердің ең көрнектілерінің бірі. Дастанның екі көшірмесі бар. Бірі ұйғыр әрпімен, екіншісі араб әрпімен жазылған. Ұйғыр әрпімен жазылғаны ең ерте көшірмесі (1432), араб көшірмесі кейінірек жазылған (1503-1509). Екеуі де ғылымда танылған, транскрипцияланып, белгілі дәрежеде зерттелген. Түркі тілдерінің ішінде өзбек тіліне толық аударылған.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының қолжазба қорында Ташкенттегі тіл-әдебиет институтында сақтаулы фотосуретінен көшірілген қолжазба бар (п.1937). Кітапханаға ғалым Ә.Қоңыратбаев тапсырған.

«Махаббатнаманың» жан-жақты танылуы, халық мұрасына айналуы жолында қазақ зерттеушілері де азды-көпті үлес қосты. С.Аманжолов «Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері» деген кітабында, Р.Бердібаев 1966 жылы шыққан «Ежелгі мәдениет куәларында» бұл поэманың әдеби-тілдік мәні аса құнды шығарма екендігін, болашақта зерттеу мәселесін кең қолға алу керектігін айтты.

Шығарманың идеялық бағытына, тарихи мәніне белгілі ғалымдар Б.Кенжебаев (Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері, А.1973) пен Х.Сүйіншілиев те (Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері, А.1967) кезінде дұрыс баға берді.

Поэманың авторы – Хорезми. Ақынның толық аты-жөні, туған, өлген жылдары белгісіз. Ол Сыр бойындағы қала-кенттердің бірінен шыққан (А.Қыраубаева «Хорезми», А: Жалын. 1985).

«Махаббатнама» дастаны 946 жол, яғни 473 бәйіттен тұрады. Барлығы он бір арнау өлең.

Хұсрау – Шырын. XIV ғасырда түркі тілінде жазылған «Хұсрау уа Шырын» («Хұсрау мен Шырын») дастанының авторы Құтба деп есептеледі. Құтба Низамидің парсы тілінде жазылған осы аттас шығармасын өзінше қайта жырлап, жаңа нұсқасын жасаған. Әзербайжанның ұлы ақыны Низами «Хұсрау уа Шырында» Арыстан шахты мақтаса, ал Құтба бұл шығармада Алтын Орда ханы Өзбек ханның (1312-1342) баласы Тыныбек пен оның әйелі Мәлікениң мақтайды. Ал Тыныбектің бұл кезде Ақ Орданың ханы болып, Сыр бойындағы Сығанақ қаласында билік құрып тұрған кезі екен. Дастанның негізгі сюжеті Шырын мен Хұсраудың адал махаббатын үлгі ете отырып, Құтба өзінше Тыныбек пен Мәлікениң арасындағы оқиғаларды қосып, олардың да махаббаттарын мадақтайды. Демек, Құтбаның «Хұсрау уа Шырын» дастаны Сығанақта жазылған шығарма екендігінде дау жоқ. Бұл дастанның қыпшақ Берке Факих көшірген жалғыз ғана қолжазбасы Париждің кітапханасында сақтаулы екен. Оны поляк ғалымы А.З.Чуковский Варшавада бастырады. Кейін 1958-1969 ж.ж. Қазанда, 1946 жылы Ташкентте, 1974 жылы Алматыда басылып, зерттеулер жүргізіле бастады.

«Ақиқат сыйы» – тарихи-әдеби шығарма. Түпнұсқасы сақталмаған. 14-15 ғ-да жасалған 3 түрлі көшірмесі бар. Оның ішінде ең ескісі –1444 жылы Самарқанда Арсылан Қожа тархан Әбірдің жазу шебері Зейнұл Әбидін бин Сұлтан Бақыт Журжани Құсайынның көшіріп жазған нұсқасы. Хатқа түскен нұсқасының жалпы көлемі – 508 жол. Бұл мұра қазір Стамбұлдағы Айя-София кітапханасы қорында сақтаулы; екінші нұсқасы Стамбұлда 1480 жылы Шайх зада Абд ар-Раззактың ұйғыр және араб жазуымен көшірген, 506 жолдан тұратын үлгісі. Парсыша, тәжікше түсініктемелері бар. Стамбұлдағы Айя-София кітапханасында сақтаулы бұл жәдігерлікті Н.Әсім 1915 жылы, ал К.Махмұдов 1972 жылы жариялаған. «Ақиқат сыйының» үшінші арабша нұсқасы 14 ғасырдың аяғында немесе 15 ғасырдың басында 524 жол өлең көлемінде көшірілген. Ол Стамбұлдағы Топ-Қапы сарайында сақтаулы. Белгілі филологтар Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықов «Ақиқат сыйының» қазақша тәржімасын жасаған.

Сыр сұлейлері шығармаларының қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихындағы орны ерекше. Қорқыт дәстүрінен бастау алған сұлейлер шығармашылығы төл әдебиетіміздегі жеке авторлық толғау үлгілі ақындық поэзиямыздың туындылары болуымен ерекшеленеді. Олардың шығармашылығында әдебиетімізге жұмбақ, айтыс, кисса сынды жанрлық түрлер келсе, бұрыннан бар дастан, толғау, жыр, т.б. түрлері әрі қарай дамытылды. Ең бастысы, ескіше сауатты Сыр сұлейлері қазақ әдебиетін Шығыс халықтарының әдебиеті мен өнеріне бауырластырып, жақындастырып кетті.

«Сырдария кітапханасының» аясында Сыр сұлейлерінен Базар жырау, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Нұртуған Кенжеғұлұлы (2 том), Тұрмағамбет Ізгілеулі (2 том), Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Таубайдың Жүсібі, Тұрымбет Салқынбаев, Мұзарап Жүсіпұлы, Нұрмағамбет Қосжанұлы, Сарсенбай Бөртебайұлы, Бұдабай Қабылұлы, Шегебай Бектасұлы, Онғар Дырқайұлы, Жорықбай Табынбайұлы, Молдахмет Дабылұлы, Сейітжан Бекшентайұлы, Қуаныш Баймағамбетов, Әлібек Бәйкенов, т.б. шығармалары берілді.

Жасампаздық пен ізденімпаздықтары болашаққа көз жіберуге ұласқан жыраулар мен жыршылар, шайырлар өз шығармаларымен қазақ руханиятын жасаушылар болып тарихта қалды.

XVI-XIX ғасырлардан басталып, қазақ елін түгел жайлаған діни-ағартушылық ой-сананың орнығып, қоғамды ілгерілетуге қозғаушы күш болған жерлерінің бірі Сыр өңірі болғаны тарихтан белгілі. Қазақ елінің Қазан төңкерісіне дейінгі жағдайында діни-ағартушылық ой-сананың өмірден, ұлттық сана мен тұрмыстан берік орын алуына қызмет еткендер өз заманының білімді, зиялы қауымы болып саналатын ишандар мен ахундар болды. X-XX ғасырлар аралығында өмір сүрген, Мекке, Мәдина, Бағдат, Шам, Ыстамбұл, Каир, Кабул, Гераг, Хиуа, Хорезм, Үргеніш, Самарқанд, Бұхара қалаларында оқып, білім алған олар Орта Азия мен Қазақстанның барлық өңірлерінде дерлік қызмет атқарды. «Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен шыққан «Сырдария» атты ғылыми, тарихи-танымдық кітабымыздың (авторлары Б.Кәрібозұлы, А.Әбілов, Н.Мынжасов, С.Тайманов, Ғ.Тұяқбаев) жазған бөлімінде Сырдария ауданы аумағында дүниеге келіп, діни-ағартушылық бағытта қызмет жасаған 30-ға жуық ахун мен ишандардың өмірбаяндық деректеріне тоқталғанбыз және олардың өздері өмір сүрген уақыттағы елге, халыққа жасаған қызметтерін саралағанбыз. Егер бұл тізімді облыс, республика көлемінде алып қарастырар болсақ, ел үшін, ұлт үшін қызмет еткен діни-ағартушылық бағыт өкілдерінің аты-жөнін тізіп шығудың өзі том-том кітаптар болар еді. Демек, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамының дүниетанымдық, білім беру, денсаулық сақтау, ел тәуелсіздігі мен бостандығы, дін, мәдениет сынды сындарлық мәселелерінің осы діни-ағартушылық ой-санаға тәуелді болғанын айтуымыз керек. Олай болса, тұғырлы тәуелсіздігімізді бекіте түсіп, ақиқат тарихты бүгінгі және келер ұрпаққа ұғындыра түсу үшін егемен еліміздің ғылыми халқымыздың өткен ғасырлардағы рухани өмірін түгел жайлаған бұл ілімді, құбылысты егжей-тегжейлі зерттеуі, зерделеуі қажет деп ойлаймыз.

Соңғы уақыттарда бұл бағытта сүбелі зерттеулер мен мақалалардың, салмақты әрі салиқалы ой айтатын ғылыми еңбектерінің жарияланып жатуы – көңіл қуантарлық жағдай. Солардың бірі – Әбсаттар қажы Дербәлінің «Қазақстан мешіттері мен медреселері – рухани шамшырақтар (IX-XX ғ.ғ.)» (Алматы, «Аруна» 2009) деп аталатын еңбегі. Осы кітапта Қазақстан жерінде революцияға дейін шәкірттер тәрбиелеп оқытқан 2000-ға жуық медресе мен мешіт болғаны жайында жазылады.

Біз білетінде Сыр өңірінде де XVII-XX ғасырлар аралығында өмір сүрген, шәкірттер тәрбиелеп оқытқан 100-ге тарта мешіт пен медресе болған. Солардың негізгілері Өзкент мешіті, Айтбай мешіті 1878 жылы, Ақтас мешіті 1884 жылы, Қазалы мешіті 1888 жылы бой көтерген. Бабай ишан мешіті 1892 жылы салынған, Қожаназар мешіті, Мырзабай ахун мешіті, Қазалыдағы Ноғай мешіті, Әзілхан ишан мешіті, Сайғондыдағы Тілеулес мешіті, Бөгендегі Тұжымбет мешіті, Ақкөздегі Алтай мешіті, Иманқұл мешіті, Бәлдік мешіті, Оқшы ата мешіті, Базар қожа мешіті, Қырық мешіт, Алдашбай ахун мешіті, Қызылтаудағы Алтынқожа мешіті, Оразай ишан мешіті, Ахмет ишан мешіті, Жармұхаммед ишан мешіті, Қалқай ишан мешіті, Қарамолда мешіті, Қожан қожа мешіті, Құлболды ишан мешіті, Қалжан ахун мешіті, Майтұм Сейіт бабаның 20-ға жуық

ишан болған ұрпақтарының мешіттері болған. Сонымен қатар, Марал ишаның «Қарабөгет», «Байбол», «Ишан ауылы», «Қырғыз», «Қолаңтөбе», «Қыш», «Қамыр төбе» мешіттері, Жаңақорғандағы Махмұт ишан мешіті, Қаналы мешіті, Кентоғайдағы Базарұлы Жүсіп қажының мешіті, Сайыпназар ахун мешіті, Ораз-Мұхаммед ахун мешіті, Алтайбек ахун мешіті, Бәймен ахун мешіті, Сейітпенбет әулие, Мүсірәлі әулие, Қармақшы әулие, Тапал ахун мешіті, Мақсұт ишан мешіті, Ақмырза ишан мешіті, Сүлеймен ишан мешіті, Садық ахун мешіті, Қызылордадағы Ақмешіт мешіті, Алдаберген ишан мешіті, Басапа ишан мешіті, Дәулетназар ахун мешіті секілді имандылық үйлері болған.

Біз бұл жерде қазір орындары ғана қалған X-XVII ғасырларда жоғарыда аталғандардың алдында болған мешіттерді атап отырғанымыз жоқ.

Бұлардан шығатын қорытынды: Кеңес дәуіріне дейін еліміз аумағында 2000-ның үстінде мешіт, медресе болса, оларда жергілікті халық өкілдері тіл сыйдырса, сауат ашса не ауыл молдасынан алған сауатын әрі қарай білім алудан жағалтса, Кеңес үкіметіне дейінгі қазақтардың 2-ақ проценті сауатты болған деген деректің жалғандығы өз-өзінен дәлелденбей ме? Басқаны былай қойғанда, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтардың біраз бөлігінің хат танығаны, сауатты болғаны жөніндегі деректерді Сыр елінің өмірінен де көптеп табуға болар еді. Біздің қолымызда араб харпінмен, төте жазумен жазылған, жастардың бір-біріне сүйіспеншілік сезімдерін білдіретін хаттарының үлгілері бар. Бұндай Құсни хаттар жазу дәстүрі бүкіл қазақ елінде болғанына С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармаларындағы мысалдар дәлел бола алады. Қазақ әдебиетінде жазба айтыс дәстүрінің Сыр сұлейлері шығармашылығында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болғанын қайда қозғамыз?! Сауаттылықтың, білімділіктің деңгейі көркем әдебиетте дәстүрлі мазмұнды түр – жанр қалыптастыруға дейін көтеріліп жатса, бұрын қазақтар сауатсыз болған делінетін әдейі, саясатпен бұрмаланып айтылған деректің жалғандығы өз-өзінен дәлелденбей ме?!

Жоғарыда айтқанымыздай мешіт, медреселерде ұстаздық еткен Орта Азия, Түркия, Ауғанстан, Мысыр, Үнді, т.б. елдерде оқыған, жоғары дәрежедегі білім алған ишандар мен ахундар – қоғамдағы діни-ағартушылық ағымның өкілдері болды.

Діни ағартушылық ағымның бүкіл Шығыста, Орта Азия елдерінде түгел орнағаны, оның осындай терең тарихи барлығы қазақ халқының кешегі, бүгінгі өмірінде үлкен маңызға ие. Шынтұайтына келгенде, Қазан төңкерісіне дейін рулық-патриархалдық, феодалдық қоғамды басынан өткерген қазақ елінің алғашқы уақытта большевиктік жүйеге, Кеңестік саясатқа мойынсынабаушылығының бірден-бір себебі де қоғамда берік орнаған мұсылман дінінің қағидағтарының, осыған негізделген діни-ағартушылық ағымның әсер-ықпалында жатыр. Бүкіл қазақ елін түгел жайлаған XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық көтерілістердің басына дінбасылардың келуі кездейсоқтық емес, әрине. Сыр өңірінің мысалымен айтқанның өзінде Марал ишан, Ақмырза ишан бастаған көтерілістерді айтсақ жетіп жатыр.

Тарихымыздың ақтаңдақ беттерін парақтағанда ата-бабамыздың қаны төгілген, өздері шейіт болған, ұлт-азаттық көтерілістерімізді қалай айтпаймыз. Осы көтерілістердің басында батырлармен бірге, діни-ағартушыларымыздың жүргенін мойындасақ, олардың әрқайсысының өмірін, атқарған қызметін анықтап, оларды ұлықтауымыз тарихқа жасаған әділетті кадам болатыны талассыз ғой..

Ел тәуелсіздігі төңірегінде ойлағанымызда да қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық ілімнен, ой-санадан аттап кете алмаспыз анық. Қазақ елінің Қазан төңкерісіне дейінгі тарихында білім беру саласында ғана емес, қоғамдық, ұлттық ой-сананың барлық салаларында жетекшілік роль атқарған діни-ағартушылық ілімнің бүгінгі еркіндіктің бізге оңай келмегенін дәлелдеуге келгендегі мән-маңызын әлі де болса толық айта алмай келеміз.

Сыр елі руханиятының қалыптасуында Сыр сұлейлері шығармашылығынан кейін осы діни-ағартушылық ой-сана, оның өкілдері – ахундар мен ишандардың ағартушылық қызметі тұрады.

Рухы мықты ел ғана мәңгілік ел болуға ұмтылады. Рух мықты болу үшін ұлттың руханият дүниесі кең де кемел болуы тиіс.

**Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,**  
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.**

## БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

## Трансплантолог

Трансплантация – медицинаның интеллектуалды болашағы зор ең басты бөлігі. Қазір бұл сала әлемде өте жылдам қарқын алып отыр. Қазақстанда да медицинадағы озық технологияның арқасында ағзаны трансплантациялау дамып келеді.

Трансплантолог-хирург кандай болуы керек дегенге келсек, иммунология бағытында, заманауи дәрі-дәрмектер, диагностика кою, тексеру тәсілдерінде мол ақпаратпен қаруланған, уақытпен есептеспейтін, білімін үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби әлеуеті жоғары, ойшыл, хирургияның барлық сатысынан өткен, болашаққа жұмыс жасайтын, өмірін осы жолға арнаған фанатты айтамыз. Яғни, кәсіби білікті хирург болу үшін үш нәрсе – терең білім, еңбекқорлық, іскерлік қабілет керек. Кәсіби хирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Баймахановты осы қасиеттің бәрін бір бойына жинаған алтын қолды дәрігер, ағза алмастыру ісінің хас маманы деуге әбден болады.

Өсілінде, қазіргі профессор Баймаханов бала кезінде медицинаға барамын деп мүлдем ойламаған. Экономист, құрылысшы әулетінде тәрбиеленген ол қаржыгер болуды армандаған. Алайда айбатты әке баласына дүниедегі ең абзал, қайырмды мамандық дәрігер екенін кесіп айтады. Көргенді, тәрбиелі ұлға әке сөзі заң. Осылайша Алматы медицина институтына түскен болашақ дәрігер алғашқы екі курста тек химия, физика, философия, саяси экономика пәндері оқытылғандықтан, оқуды тастағысы да келген. Тек үшінші курстан топоанатомиядан дене мүшелері құрылысын оқи бастағанда қызығушылығы оянып, шәкіртақсына клиникалық хирургияның журналдарын сатып алып, кейіннен жаздырып алып оқиды. Әрі факультативті сабақтарға үзбей қатысады. Ал тәжірибеден өтуге ауруханаға барған бұл өзінің жаны қалайтын мамандық екенін түсінеді. Ол кезде диагнозды тек науқастың ауруды сипаттауымен қолмен ұстап қояды. Сонда ғой практикант студенттің қойған диагнозы дәл келіп жататын. Өйткені 6 курсқа дейін жалпы хирургияға байланысты монографиялардың тізімін алып, жүзге жуығын оқып тастаған. Жана кітап, жана тәсіл шықса үйренуге асығатын. Тіпті ұстазы Сапар Орашов кейде дәріс естінде: «Болат, дұрыс айтып жатырмын ба?» деп пікірлесіп отыратын. Өйткені көп ізденетінін білетін. Сол кездері алған негізгі базалық білім, оны әрі қарай үздіксіз жетілдіру осы күнге дейін көмегін тигізуде.

– Дәрігерлер көп оқуы керек, – дейді профессор Баймаханов. – Қызығушылық болмаса, еш нәрсені оқи алмайсың. Маған студент кезімде ешкім оқы демесе де қажетті деген оқулық, әдебиеттерді оқуға тырыстым. Мәселен, 80 пайыз жағдайда диагнозды науқастың түр-келбеті, жүріс-тұрысы, жатқан жатысына қарап білуге болады. Бізде қалай, наукас «мына жерім ауырады» дейді, дәрігер сонымен тоқтайды. Әрі қарай ол қалай ауырады: сыздай ма, ашып, бүріп ауырады ма? Әрбір дерт өз

белгісін береді.

Мен алдымен наукастан бәрін тәптіштеп сұрап шығамын. Сонда симптомның жүз пайыз жағдайында бір ауруға сәйкес келеді.

«Жалпы, медицинада хирургия – элиталық сала. Кейбіреулер үшін жақсы хирург атану оңай сияқты көрінер. Медицинаға келген жастар жалақының аздығынан, болмаса ізденіп оқуды қаламай басқа салаға кетуде. Олар еңбектенсе, кәсіби деңгейін арттырса, танымал маманға айналар еді. Ондай маманды шетелден де іздеп келіп жатады. Ал білім-білігін болмаса, саған кім келеді? Рас, тырысу керек, бірақ ол жаратылысында берілген қабілетке де байланысты. Оқуды қызыл дипломға бітірсе де науқасқа келгенде, білімін қолданып анализ жасай алмай жатады. Қабілет-қарымы жетпейді. Яғни, бұл қабілет-қарым, талант табиғаттан келетін қасиет.

– Қазіргі жағдайда хирург ота жасауға жүз пайыз диагнозбен бару керек. Ал кейбір жағдайда ота үстінде шешім қабылдауға тура келеді. Менің оталарымның 95 пайызы онкологиялық аурулар. Кейде жас адамның екі-үш ағзасын алып тастауға тура келеді. Ота жасаған жөн бе, жоқ жауып қоя салу керек пе? Әрине, қайта жаба салу оңай. Онда адамнан айырыламыз. Тәуекел етсең, артынан асқинулар болуы да елу де елу пайыз. Мықты хирург соны жылдам бағамдауға, қорытынды жасауға қабілетті болуы керек. Жакында екі жастағы қызға ота жасадым. Ұйқы безінің қатерлі ісігі. Бір емдеу мекемесінде ота жасап, ашқан да жаба салған. Диагноз компьютерде көрініп тұр. Егер қолыңнан келмесе, өзіне сенбесең ондай жауапкершілікті алма. Оны жасайтын адамдар бар. Жақсы, мені тауып келді, келмесе ше? Менің айтарым, қолыңнан келмесе, зиянды тигізбе, – дейді кейіпкеріміз.

## Ақшамен есептелмейтін де дүниелер бар

«Адамның үміт отын жалғап, жүзіндегі қуанышты көру – айттып жеткізгісіз керемет сезім ғой. Егер мен қаржыгерлік мамандықты тандағанда, әлдеқашан бизнеске кетіп, жағдайым бұдан мың есе жақсы, шалқып өмір сүрер едім. Бірақ бәрібір бүгінгі мамандығымнан тапқан бақытқа жетпейді деп ойлаймын. Жанын саған тапсырып, көзі жауғандықтан адамның сонғы үмітін жалғаудан артық қандай бақыт болуы мүмкін. Оны ешнәрсемен өлшей алмайсың. Ағза алмастырған



күні канша шаршасаң да, ертен науқастың жақсы болатынын біліп шығасың. Сол көңілге зор медет. Науқастың, оның бала-шағасы мен жақындарының қуанғанын көргендегідей рахат сезімді еш жерден сезіне алмайсың. Олардың берген бағасы, жүректерін жарып шыққан ізгі ниет-тілектері ешнәрсемен өлшенбейді. Сол баталардың қасиетін қашанда сезініп тұрамын». Міне, біздің кейіпкеріміз осылай толғанады...

## Жақсы команда – сенімді тірек

Қазір елімізде 11 трансплантация орталығынан төртеуі ғана қалған. Солардан науқастар негізінен қолы жеңіл, кәсіби шеберлігі кәнігі хирургтерді таңдап жатады. Мұндай маманда – білім, қол, техника, адами қасиеттері – бәрі сай болады. Дегенмен, трансплантация – командалық еңбек. Оны жасақтаудың өзі үлкен мәселе. Олар жетекші хирургтің білім-білігін таңдап келеді. Яғни, жақсы команда – мықты маманға жиналады. Мәселен, бір трансплантацияда науқастың айналасында елу-алпыс адам жүреді. Болатбек Бимендеұлы болса, олардың білімін жетілдіруге шетелге оқуға жіберіп, жағдайын жасап, ештеңеден аянып қалмайды. Міне, осы аса жауапты істі атқару үшін 14-20 сағат бойы аяғыңнан тік тұрып, ақ тер, көк тер болып операция жасау өз алдына, одан кейінгі ем, күтімнің барлығы жоғары деңгейде ұйымдастырылуы үшін қатаң тәртіп талап етіледі. Ол жағынан профессордың командасына еш өкпесі жоқ.

## Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты

Елімізде тұңғыш рет 1979 жылы бүйрекке, 1997 жылы бауырға трансплантация жасалды. Сол кездері Болатбек

Бимендеұлы отандық хирургияда өз орны бар академик Мұхтар Әлиевпен бірге трансплантация жасауға қатысқанымен, нәтижесі дұрыс болмаған соң тоқтайды. Бірақ осыдан сегіз жыл бұрын мүше алмастыруды қайта қолға алған ол Алматыдағы №7 қалалық ауруханада бүйрек, бауыр трансплантациясын жасауға кірісті. Бүгінде еліміздегі трансплантологияда Болатбек Бимендеұлынан көп ота жасаған дәрігер жоқ. Қазірге дейін 450 бүйрек пен бауыр алмастырды. Оның 70-сі бауырға жасалды. Бүйрек пен ұйқы безін бір мезетте алмастырған да профессор Баймаханов. Сондай-ақ Қазақстан тарихында тұңғыш рет 9 айлық балаға бауыр трансплантациясын ешқандай шетелдік дәрігерлердің көмегісіз жасап, осы күнге дейін 24 балаңыз өмірін сақтап қалған. Ал жақында дүние жүзінде алтыншы мемлекет болып Қазақстан бір емес, екі туыстық донордан бауырларының бір-бір бөлігін алып, бірегей күрделі ота жасады. Бұл – еліміздің трансплантация саласын дамыту ісіндегі зор тәжірибе.

– Нәтижеміз жақсы, жаһанға мақтанып айтуға тұрарлық, – дейді әңгімесін жалғаған хирург мырза. – Тіл-көзден сақтасын, туыстық донордан қайтыс болғандар жоқ. Ал операциядан кейінгі науқастардың өмір сүру мерзімінің нәтижесі дүниежүзілік деңгейге сәйкес келуі де еңбегіміздің жемісі. Қалай дегенде де, қайтыс болған адамнан мүше алмастыруға қарағанда, туыстық донор өте күрделі ота. Өйткені екі бірдей адамның өміріне жауаптысың. Шетелде негізінен қайтыс болған донормен жұмыс жасайды. Ал бізде ет жақындары донорлыққа рұқсат етпейтіндіктен, шамамен жүз пайыз туысқандық алмастыру. Қазір шетелдіктер біздің нәтижемізді көріп, үлкен құрметпен қарауға. Өйткені мықты хирургтер әлемде санаулы. Солардан үйреніп, қазір өзіміз де сол деңгейге жеттік.

Жасаған оталарымыз олардан артық болмаса да, кем емес. Кезінде біз олардан үйренсек, қазір біреуді үйретуге қол жеткіздік.

Бөле-жара айтатын жағымды жаналық, Болатбек Бимендеұлы ағзаны алмастыруға машықтанғаны сонша, қазір туыстық донордан бүйректі кеспей, лапароскопиямен алу жағынан дүние жүзінде бестікке кіреді. Ал жасаған операцияның жылдамдығы бойынша әлемде бірінші орында. Мәселен, мықты деген Кореяның білікті хирургі Т.К.Пак донордан мүшені үш сағатта алса, Баймахановтың қолының шапшаңдығы 40-45 минутқа жетеді. Қалыпты жағдайда ол ота 5-6 сағат жасалса керек.

Болатбек Бимендеұлының шәкірт туралы өз ойы бар. Шәкірттің бақыты – жақсы ұстазға жолыққаны. Хирургияда жолын ашқан алғашқы ұстазы Мұхтар Әлиев осы орталыққа жұмысқа келгенде жас дәрігерді ординатурада қалдырып, кандидаттық, докторлық диссертациясын қорғатады. Сондай-ақ профессорлар А.Шүленбаев, Ш.Жураев, М.Сейсембаев, шетелдік профессорлар В.Вишневецкий, Субаш Гупта, Ли Кванг, Т.Пакты айнымас ұстаздары санайды. Бүгінде өзі де шәкірт тәрбиелеуде. Қазір командада бүйрек алмастыруды жастардың өздері жасайды. Бауыр трансплантациясында біраз деңгейге дейін шәкірттеріне сеніп тапсырады, нәтижесі жақсы.

## Жүректің анасы – бауыр

Мамандардың айтуынша, адамның бауыры ең қайырмды ағза болып саналады. Өйткені кесілген бауыр уақыт өте өсіп, өз қалпына келеді екен. Техникалық жағынан жүрек, бүйрек ауыстыруға қарағанда, бауыр трансплантациясы өте күрделі. Жүрек алмастырудың

оңтайлылығы – одан шығатын төрт колка тамырдың диаметрі өте кең. Ал бауырдың тамырлары аттың қылындай өте жіңішке, нәзік. Оған қоса өт жолдары бар. Тамырдың бәрін микроскоппен 14-20 сағат аралығында аяғыңнан тік тұрып тігіп шыққанда көздері қарауытып шығады. Ең басты жауапкершілік – бауырын берген донорға зиян тигізбеу.

## «Марапатты бізге емес, дәрігерлерге беру керек»

Болат Бимендеұлы отыз жылдан аса қолынан қандауыры түспей денсаулық күзетінде жүрген ай емес, күн, сағат санап соңғы демін күтіп, өлімнен хабар күтіп жатқан жақындарына бауырын қақ бөліп берген жандарды көп көрді. Бұл бүгінгідей баласынан безінген тасбауыр әке, тасбауыр ана, тасбауыр бала көбейіп келе жатқан заманда адам мейірімнің, бауырмалдықтың биік үлгісі екені анық. Сондықтан ол туыстық ағза алмастыруға келіскен сол адамдардың осы қадамын батырлыққа балап, ерліктерін атап өтуді ойластырады. Осылайша Болатбек Бимендеұлының идеясымен орталық әлемде тұңғыш рет бауырының бөлігін өз еркімен сыйлап, адамның өмірін ұзартуға баға жетпес үлес қосқан донорларды марапаттау рәсімін үлкен салтанатпен атап өтті. Онда 2011-2016 жылдары бауырын берген 40 донор мен 40 реципиентке «Бауырмыз – бауырымыз сыйлаймын» естелік медалі табыс етіліп, ерекше құрмет көрсетілді.

Бұл шарадан көңіл тебіренбеуі мүмкін емес еді. «Жанымызды шүберекке түйіп екі дүниедегі ортасында жатқанымызда бауырлардың бауырын бөліп бергені өз алдына, ең алдымен елімізде осындай күрделі отаны жасауға мүмкіндік беріп, дәрігерлерді оқытып, тегін ота, тегін ем-домын жасатуға қамқорлық көрсеткен Ұкіметімізге, профессор Баймахановқа шексіз ризамыз», деген сондағы көпшілік мұндай медальды Алланың рақмымен екінің өмірді қайта сыйлаған дәрігерлерге беру керектігін де Денсаулық сақтау министрлігіне құлаққағыс қылған еді. Расында да, бізде кейде осындай бірегей таланттардың еңбегі бағаланбай жатады.

Медицина шексіз мамандық. Міне, осы шексіздікте әр дәрігер өз бінігін бағындырады. Дәрігерлер, әсіресе кәсіби хирургтар – бейбіт өмірде қаһармандық қадамға баратын қалр сыртындағы батырлар. Болатбек Бимендеұлы да сондай батырлардың бірі. Бірақ ол жалғанға жар салмайды. Қарапайым қалпынан бір айнымайды. Тек өзі емдеген адамдардың шын жүректен айтқан алғыстарын естігенде ғана көңіліне қанат біткендей марқатыны, масаттанатыны бар.

Гүлзейнеп СӨДРҚЫЗЫ,

«Egemen Qazaqstan». 26 сәуір, 2019 жыл.

## ҚОЛДАУ

## Қамқорлық бізді қанаттандырады

Биыл 9 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлау науқаны өткізілетіндігі бәрімізге белгілі. Құрамында 400-ге жуық мүмкіндігі шектеулі азаматтар бар Арал ауданының Сексеуіл кентіндегі мүгедектер қоғамы науқанды толығымен қолдаймыз және дауыс беруге қатысамыз.

Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мемлекет тарапынан барынша көңіл бөлініп келеді. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлауларда дауыс беруіне бар жағдай қарастырылуда.

Еліміздің Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаев мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық жасау, еңбекке араластыруды үнемі назарда ұстайтындығы белгілі. Осындай қолдау негізінде Сексеуіл кентінде 2016 жылы қоғамдық кенес құрылып, ол 2018 жылы 16 сәуірде заңды түрде тіркеліп, жұмыстар жүргізіліп келеді. Спорттың бірнеше түрінен жарыстарға қатысып келеміз. Облыстық көктемгі, күзгі сайыстарда тоғызқұмалақтан II топ мүгедегі Тұрар Қабылов жеңіске жетіп, республикалық жарысқа жолдама алып, спорт шеберіне

үміткер атағына ие болды. Шахматтан, дойбыдан облыс біріншілігінде II топ мүгедектері Рита Жүсіпова және Әсем Жүсіпова жеңіске жетті. II топ мүгедегі, зейнеткер Орынбасар Боранғазиев теннистен III орынға ие болды. II топ мүгедегі Руслан Айтбаев жүгіруден II орынды иеленді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыс күндері арнайы залға келіп шахмат, дойбы, домино және тоғызқұмалақ ойнауына жағдай жасалды. Осы үшін де кент әкімшілігіне және ардагерлер кеңесіне алғыс айтамын. Осындай жетістіктерге жетуімізге тікелей ықпал еткен облыстық мәслихат депутаты Қадірберген Бедер, мешіт имамы Алпамыс Ізбақанов, станса бастығы Сапарғали Салмаев, локомотивті пайдалану депосының бастығы Сейілхан Ержанов, локомотив қозғалыс



қауіпсіздігінің бас маманы Еркеублан Аяғанов, теміржол жөндеушілерінің бастығы Мәжит Құрманбаев және желілік полиция майоры Әнуар Бекниязов сынды азаматтарға ризашылығымыз шексіз. «Nur Otan» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Қанатов, аудандық заңғиптар қоғамының төрағасы

Ермек Утешов және облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы Мұрат Жұмалидаев та біздің әр бастамамызға қолдау танытып, қанаттандырып келеді.

Жолмырза МЫРЗАҒҰЛОВ, Сексеуіл кенті мүгедектер қоғамының төрағасы.

## Аудандағы акция



Адамдардың денсаулығы мен салауаттылығы үшін иммундаудың маңыздылығын, барлық жұппалы аурулардан қорғанудың жолдарын түсіндіру, профилактикалық екіпелер жайында толық мағлұмат беру, тұрғындарды қажетті екіпелерді уақытылы алуға шақыру мақсатындағы акцияға облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің бөлім басшылары Ә.Ыдырсова мен М.Битасова арнайы қатысты. Шара барысында сөз алған Ә.Ыдырсова облыстағы эпидемиал, иммундау апталығы аясында жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы баяндап берді. «Егілу – ол жұқпалардан өзіңді және баланы сақтап қалу. Сондықтан сырқаттануды емдегеннен гөрі, дер кезінде егіліп, алды алу анағұрлым жеңілдеу екенін естен шығармауымыз қажет» – деді өз сөзінде.

Жыл сайын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен иммундау апталығы өткізіледі. Биыл бұл іс-шара 24-30 сәуір аралығын қамтуда. Осы уақытта еліміздің барлық емханаларында тегін екіпелер жүргізіледі, сонымен қатар екіпелер маңыздылығын халық арасында түсіндіру үшін түрлі іс-шаралар да ұйымдастырылады. Соның бірі Қазалы ауданында өтті.

# Таңдаулы тарихшы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады» – деп, XXI ғасырдағы білімнің алатын орнына айрықша тоқталған болатын.

Өйткені, білім беру саласы елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – халқымыздың қашаннан қанында бар қасиет. Бабаларымыз сонау бағзы замандардың өзінде «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп бекер айтпаған. Білімді жас ұрпақтың бойында ұлттық рух болуы қажет.

Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында тарихи сананы жаңғырту мақсатында бабаларымыздың өмірі мен олардың жапа өркеніеті жөніндегі көптеген деректі құжаттарды әлем архивтерінен тауып, зерттеуге және өз тарихымызға деген мақтаныш сезімін ұялатып, жастарға отаншылдық тәрбие беру үшін мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құрудың маңызды екенін баса айтқан.

Осы бастама жайлы ойлағанда есімізге сонау 1960-жылдардың өзінде алғашқылардың бірі болып туған өлкенің тарихын оқышылармен бірлесіп зерттеу жұмысын қолға алған КСРО білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз, тарих пәнінің мұғалімі Сәден Нұртаев түседі.

Сәден ағамыз жастайынан туған өлке мен туған ауыл тарихына қанығып, өңірден шыққан би-шешендер, ақын-жырауларға қатысты әңгіме, толғау-киссаларды құлағына құйып, дастан-жырларды жадына жаттап өседі. Онжылдық мектепті бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтты аяқтап, Ақтөбе, Ақжар және Жаңақала ауылдарындағы мектептерде тарих және қоғамтану

пәндерінен дәріс береді. Сабак өту барысында кітапта жазылған жалаң оқиғаларды сол қалпында баяндай салмай, әрбір тарихи оқиғаны өмірмен тікелей байланыстыра түсіндіріп, оның өмірде қолданылуы жағына басты назар аударады. Бұл қазіргі уақытта білім жүйесінде күн тәртібінен түспей тұрған оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың нақ өзі емес пе? Сол кезеңде КСРО Білім ағарту министрлігі тарапынан дәрістерді арнайы кабинеттерде оқыту бағдарламасы қабылданып, республиканың барлық орта мектептерінде кабинеттік оқыту жүйесі кеңінен қолданысқа ене бастайды.

Осы бағдарламаның мақсатын алғашқылардың бірі болып түсініп, оны іске асырып, өзінің тәжірибесін баршаға таратқан Қармақшының қиян шеттегі құмдағы ауылы «Жаңақала» совхозындағы №185 мектептің мұғалімі Сәден Нұртаев болды.

Сәден Нұртаевты кабинеттік оқыту жүйесі жөніндегі іс-тәжірибесін көрсетуде алдымен ауданнан, сосын облыстан, одан кейін республикадан 1-орын иеленіп, 1971 жылдың 23 шілдесінде І жалпыодақтық «Үздік оқу әдістемесі және оқу құралы» сайысында жеңіп шығып, КСРО Білім ағарту министрлігі жанындағы қазылар алқасының шешімімен Құрмет грамотасына ие болады. Республиканың Орталық партия комитеті де ұлағатты ұстазды одақтық білім сайысындағы үздік жетістігіне байланысты марапаттайды. Сәден Нұртаевтың кабинеттік жүйе және оның тиімділігіне арналған мақаласы 3 миллион тиражбен Мәскеуден шығатын одақтық «Наука и жизнь» журналында жарияланды.

Мамандығын шын сүйген ұстаздың басшылығымен мек-



теп жанынан музей жасалып, оған жәдігерлер жинақтауға мектептің барлық оқушылары белсене кіріседі. Сәден ағайдың оқушылары сол маңдағы «Сырлытам», «Ақмырза», «Қандыарал», «Қарақ», «Қосқала», «Құмқала» сияқты тарихи орындарға кәсіби археологтарша қазба жұмыстарын жүргізген. Көптеген көне тұрмыс заттарын, қару-жарақ, қақпан, қайрақ, бүтін қыш ыдыстар мен оның сынықтары, ою-өрнектері бар бұйымдар тауып, мектептегі тарих музейіне тапсырып отырған. Жанашыл мұғалім құрған мазмұнды музей қызметімен танысу мақсатында облысқа келген республика партия және білім саласы басшылары күм ішіндегі ауылға жиі соғып тұрыпты.

Ол кездері партия және үкімет тарапынан білім саласына қалай көңіл бөлініп отырғанын мына фактіден көруге болады. Сәден Нұртаевтың 1965 жылы осы Ақжар ауылындағы №28 мектепке директор етіп тағайындарда

Қармақшы аудандық партия комитетінің хатшысы А.Жанпейсов пен облыстық білім ағарту басқармасының басшысы У.Төралиев арнайы ұсыныс жасап, Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Ысханов қаулыға қол қояды. Ағамыз бұл мектепті 1970 жылға дейін табысты басқарды.

Сол жылдардың өзінде ұлағатты ұстаз Сәден Нұртаевты шәкірттері ұлттық тамырдан ажырамауға, туған жердің тарихына асқан ынталарлық және ыждағаттылықпен қарауға, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға тәрбиеледі.

Жалпы «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ Басқарма басшылығымен барлық филиалдарда еліміздің білім беру саласында табысты еңбек еткен ардагер ұстаздарды ұлықтау жұмыстары жақсы жолға қойылған.

Осы мақсатта 2018 жылы мамыр айында «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы»

акционерлік қоғамының филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен Қазақстан тарихы пәнінен 9-10 сынып оқушылары арасында Қармақшы ауданы Ақжар ауылындағы №28 орта мектепте КСРО білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз Сәден Нұртаев атындағы Сыр өңіріндегі цифрлық форматтағы алғашқы облыстық олимпиада өткізілді.

Асыл азаматтың ұрпақтары атынан баласы Рзақұл Нұртаев соңғы үлгідегі оқу құралдарымен және интерактивті тақтамен жабдықталған тарих кабинетін ашып, мектеп ұжымына Елбасының «Тауелсіздік дәуірі» кітабын және түрлі бағыттағы кітаптар табыс етіп, оқушыларға білім көшінің алдыңғы қатарында болуларын тіледі.

Облыстық олимпиаданың І кезеңінде қатысушылар АС-TVVote құрылғысы арқылы берілген тест сұрақтарына желісіз

радиопульттің батырмасын басу әдісімен жауап беруге мүмкіндік алды. Тест қорытындысы экран бетіне автоматты түрде шығарылып, олимпиада ережесіне сәйкес жоғары балл жинаған 16 оқушы (әр сыныптан 8 оқушыдан) ақтық сынға жолдама алды. ІІ кезеңде қатысушылар Power Point бағдарламасында жасалған деңгейлік тапсырмаларға жауап беру арқылы ұпай жинақтады. Ұпай қорытындысы бойынша олимпиада жеңімпаздары анықталды. Айта кететін жайт, екінші кезең 100-ден астам жанкүйерге толы мектептің акт залында өткізілді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, қаржылай сыйақымен марапатталды. Сонымен қатар, облыстық олимпиадаға қатысушылардың барлығына және оқушылардың жетекшілеріне қаржылай сыйақы мен Алғыс хаттар табыс етілді.

2019 жылдың 3 мамырында Ақжар ауылындағы №28 мектеп базасында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ институты ұйымдастыруымен Қазақстан тарихы пәнінен 9-10 сынып оқушылары арасында ұлағатты ұстаз Сәден Нұртаев атындағы цифрлық форматтағы республикалық олимпиада өткізілмекші. Оған Қызылорда облысы оқушыларымен қатар Жамбыл, Түркістан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау облыстары мен Шымкент қаласының үздік оқушылары қатысады деп күтілуде.

Сыр бойына республиканың түкпір-түкпірінен келген оқушылар ұлағатты ұстаз С.Нұртаевтың өмір жолына қанық болып, тағалымы мол тарихшының тәліміне толы тағдырында жүргізілген ғылыми зерттеулерін зерделеп, Ұлы даланың ұлылығын ұғынып қайтағына сенім мол.

**Бауыржан ЕЛЕУСНОВ,**  
«Өрлеу» БАҰО» АҚ  
филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры.



## Еліне еңбегімен еленген

Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде: «Туған жердің әрбір сайы мен қыркасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртұар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деуі тегін болмаса керек. Еліне еңбегімен танылған сондай азаматтың бірі – Мәжит Сағидатов.

Ол 1929 жылы Жамбыл атындағы колхозда дүниеге келген. Еңбек жолын 1944 жылы өзі туған ауылдағы №32 орта мектепте есеушіліктен бастаған. Содан кейін аудандық партия комитетінде қызмет атқарды. 1960-1964 жылдары Алматы қаласындағы Жоғары партия мектебінде оқыды. Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін «Мәдениет» совхозы партия комитетінің хатшысы, 1988-1989 жылдары совхоздың халықтық бақылау тобының төрағасы қызметін атқарды. Ол ауданның ауылдың белгілі азаматы болды.

Бүгінде тірі болғанда 90 жасқа келер еді.

Мәкең «Мәдениет» совхозында қызмет атқарған жылдары шаруашылық жылдан-жылға өсіп, құлашын кеңге жайды. Жаңа үлгідегі мектеп, клуб, балабақша, қонақ үйі, ауыз мектебі салынды. Сауда орталығы жұмыс жасады. Совхоз есебіннен демалыс үйлері мен туристік сапарларға тегін жолдамалар берілуге ықпал етіп отырды. Парк ашылып, ағаштар отырғызылды. Ол кісі адамға деген қамқорлықты бірінші орынға қоятын. Өздерінен ауысқан ет, сүт өнімдерін мемлекетке өткізуге белсене араласып, халықтың әл-ауқатын арттыруға, жағдайын жақсартуға күш салды. Әр аптаның дүйсенбі күні партия ұйымының есебін тыңдап отыру дәстүрге айналды. Мұндағы мақсат – ұжымдағы моральдық, әлеуметтік ахуалдың қандай дәрежеде екеніне көз жеткізіп, істің жайын жақсартуға нақты ықпал ету.

Ауыл ақ құрштың фабрикасы атанды. Облыста алғаш рет жүз мың центнер күріш алынды. Күріштен тау тұрғызылды. Ол іскер басшы Мәжит Сағидатов, совхоз директоры, Социалистік Еңбек ері Ұ.Еспановтың еңбегі еді.

Мәкең партия жұмсаған барлық учаскелерде өзінің күш-жігерін аямай еңбек етті. Ол

«Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «В.И.Лениннің туғанына 100 жылы» және «Еңбектегі ерлігі үшін» медалмен марапатталды, «Ауданның құрметті азаматы».

Мәкеңнің ниеті таза, кісілігі мен адамгершілігі, ақыл-парасаты, кішіпейілділігі, қарапайымдылығы мол жан еді. Қабілет-қарымы, ұйымдастырушылық дарыны, айналасындағыларға қамқор-қайырымдылығы сол кезден-ақ байқалып тұратын.

Өмірде оқыған-тоқыған, парасат-пайымы мол, ел басқару дағдысын менгерген азамат болып шыңдалуына оның өзінің мінез-құлқы әсер етті. Қазір ардақты ағам мен Үмітжан жеңгемнің артында қалған ұрпақтарын көргенде көңіл ажарымыз ашылып, бір серпіліп қаламын. Жеңгем сауда саласында қызмет жасады. Достары, жолдастары көп болатын. Алтын жүректі ағамның артында қалған ұрпақтары – оның мәңгілік байлығы. Барлығы да жоғары оқу орындарын бітіріп, әртүрлі салада қызметтерін абыроймен атқарып келеді. Екеуінің арман-мақсаты, көре алмаған қызықтары, жете алмаған үміттерін жалғастыратын балалары бар.

**Қуандық АХМЕТОВ,**  
Жалағаш ауданы,  
Мәдениет ауылы.

## Отан үшін от кешкен

Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс күні – тарихтың жарқын беті. Миллиондаған жауынгердің өзі түгелі хатына зарықтарған, сұрапыл соғыс 1418 күн мен түнге созылған. Осы уақытта Кеңес армиясының қатарына 1 миллион 800 мың қазақстандық шақырылыпты. Қан майданда ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, қызылордалық жауынгерлер де үн қосты. Сол ержүрек азаматтардың бірі – Әлібай Әбенев.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Кісіліктің бет-бейнесін кішілік арқылы таныта білген, бекзада болмыс иесі Әлібай Әбенев төрт жыл соғыстың бел ортасында жүріп, жеңісті жақындатқан. 1912 жылы дүниеге келген, 1930 жылы біржылдық қысқа курста оқып, агроном мамандығын алған Әлібай 1932-1937 жылдары Алматыдағы мемлекеттік ауылшаруашылық институтында білім алады. Елге келген соң, бір уақытта Сырдария ауданына қарасты жеті колхозда бас маман, агроном қызметін атқарып, салада жоғары өнімділікке қол жеткізеді. Ал соғыс басталысымен алғашқылардың бірі болып соғысқа сұранып, комиссариат шешімімен әскери училищеде оқып, аға лейтенант атағын алады.

Намыс пен күш-жігер қамшылаған казак баласы 1942 жылдан бастап соғыс даласына

дағы №74, 76, 27, 8, 216, 79, 226, 71 батальондарында атқыштар полктарының саяси басшысы болып қызмет атқарған. Қан майданда от кешіп, елге келген соң кара нардай қайыспай еңбек еткен Әлібек Әбенев ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі Сакташ Жұматаевпен әңгімесінде сұрапыл жылдар туралы сыр шерткен екен.

– Псков, Курск қалаларын жаудан азат ету майданында қиян-кескі ұрыстарға тап болдық. Техникасы мен күші басым жау танктері мен ұшақтары бет қаратпастай оқ жаудырды. Бірақ біздің жауынгерлер де оқопта жатып, жаудың барлық техникасының құл-талқанын шығардық. Бұл ұрыста үш күнде жеңіске жеттік. Мұнан кейінгі ұрыс қимылдарымыз тек жеңіспен аяқталды. Ал Варшаваны азат етіп, Одер өзенінен өткенде, Дрезден, Франкфур қалаларын алғанда ауыр жараландым, – дейді ол.

Мұнан кейін бір ай демалыс алып, елге келген жауынгер қайтадан майданға аттанып,



Жапон соғысына қатысып, 1946 жылы ғана елге оралды.

Жеңісті жақындатқан сарбаз Отанға оралған соң, Жаңақорған ауданының ауылшаруашылық басқармасындағы қызметін қайта жалғастырып, Шиелі ауданындағы Б.Жақаев колхозын көп жылдар басқарыпты. Мұнан кейін Қызылорда қаласында, Сырдария ауданына қарасты «Комсомол» совхозында әуелі партия ұйымының хатшысы, агроном болып еңбек етіп, құрметті демалысқа шығады. Майдангер жары Гүлбаһраммен бірге сегіз ұл-қыз өсірген. Сасқанға саяз, асқанға тосқан бола алатын мінезімен ағайынға ақылшы атанған. Әлібек Әбенев 65 жасында өмірден өтеді. Ел дегенде елгезек, жұрт десе, жұмыла еңбек ететін жанның жарқын істері бүгінгі ұрпағына үлгі.

## Ұлт мұраты

Елбасымыз «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын: «Кеністік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеністіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады», – деп бастап, мұның «жай ғана әдемі афоризм еместігін» ескертті.

Демек уақыт пен кеністіктің көк-жиегі тоғысқан кезде басталған осынау ұлттық тарихымызға терең үніліп, түп-тамырымызды жете танып, оның құрмеуі күрделі түйінін шешуге ұмтылу – баршамызға ортақ міндет.

Ұлы даланың жеті қырының кез келгені – Қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра. Атка

міну мәдениеті, ежелгі металл өндіру мен өңдеу технологиясы, өз жазуы мен мифологиясы бар озық мәдениетті елдің рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі өнері». Бүкіл әлемді тамсандырған Дала өркениетінің жәдігері – «Алтын адам» жауынгері, түркі әлемінің бесігі саналатын Алтайдан бастау алатын түркі тарихы, әлемдік экономиканың өркендеуіне септігін тігізген – Ұлы Жібек жолы жүйесі, Қазақ елінің ұлттық брендіне лайықты алма мен қызғалдақтар, еліміздің аумағында орын алған құр тарихи жайт қана емес, сонымен қатар әрбір қазақ үшін де аса қымбат құндылықтар.

Біздің бай тарихымыз бар. Бірақ біздің тарих – өкінішке қарай, ғылыми тұрғыдан зерттеліп, жүйеленбеген, хатталып қа-

ғазға түспеген тарих. Елбасы мақаласында қасаң тарихи сананы қайта жаңғырту қажеттігін қадап айтып, оны жүзеге асырудың нақты жолдарын атап-атап көрсетті. Алдымызда енді соны науқанға ұластырмай, аса біліктілікпен, іскерлікпен ел игілігіне айналыруымыз қажет. Тарихты қолдан жасауға болмайды. Бірақ, бар тарихқа байланып қарап, кезінде түрлі-түрлі себептермен орын алған кемшіліктерді ғылыми жерде елегінен өткізіп, екшеп отыру; жақсысынан үлгі-өнеге алып, жетілдіру; жаманынан бөлініп, алда оның қайталануына жол бермеу бәрімізге ортақ міндет болмақ.

**Жолдасбек МАХАМБЕТОВ,**  
№22 орта мектептің тарих пәні мұғалімі.  
Арал ауданы.

## Қызылорда облысындағы төлем карточкалар нарығы

Қызылорда облысында көпсалалы экономиканы құру үшін қолайлы жағдай жасалған. Облыстың айтарлықтай экономикалық әлеуеті және табиғи ресурстары бар. Облыс аумағында мыршықтың баланстық қорының 15,1%-і, қорғасынның 9,6%-і, уранның 13,7%-і, мұнайдың, газ бен конденсаттың 4,7%-і, жерасты суларының 3,4%-і жалпы-қазақстандық қорлардан шоғырланған. Облыстың маңызды пайдалы кендері, ол – көмірсутекті шикізат, түсті металдар (мырыш пен қорғасын), уран, ванадий, ас тұзы және жерасты сулары. Әдеттегідей, облыс күріш шаруашылығы жағынан көш бастап, алдыңғы қатарды алып келеді, яғни өңірде республикада шығарылатын күріштің 90%-і өндіріледі.

Қызылорда облысы инвестиция салу бойынша Қазақстандағы қызығушылық танытатын статусы бар экономикалық дамыған аймақ болып табылады. Бұл ерекшелікпен ірі мұнай кәсіпорындарының болуы банктердің құрылымдық бөлімшелерінің тармақталған желісінің, банк қызметтерінің жоғары сапасының болуын талап етеді. Сондықтан банк секторы мен облыс экономикасының қарқынды дамуы өзара байланысты. Қазіргі уақытта өңірде екінші деңгейдегі он бір банктің 12 филиалы, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ-ның 1 филиалы

жұмыс істейді.

Екінші деңгейдегі банк филиалдарының белсенді жұмысының, сондай-ақ халықтың аймақтағы төлем карточкаларына деген сұранысының артуы арқасында пластикалық карталарды ұстаушылар, сондай-ақ олар бойынша жасалған сатып алулар жыл сайын өсіп келеді. Сонымен, 2019 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қызылорда облысында төлем карточкаларын ұстаушылар саны 471,7 мың адамды құрады. Айналыстағы төлем карточкаларының саны 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,0%-ке, яғни 574,4 мың бірлікке дейін артты.

Облыста төлем карточкаларына қызмет көрсету бойынша инфрақұрылым келесідей: POS-терминалдардың саны 1896 (+8,1%) бірлік, банкоматтар 338 (+11,9%) бірлік, банк дүңгіршектері/төлем терминалдары 569 (+19,3%). Карточкаларды төлеуге қабылдаған сауда нүктелері 886-ға (+1,8%) дейін өсті.

Банкоматтан қолма-қол ақшаны алу, әдеттегідей, ең бір кең тараған операция болып саналады. 2019 жылғы қаңтар-ақпан айларында Қызылорда облысы бойынша карт-шоттардан қолма-қол ақша алу бойынша 67657,6 млн теңге сомасына 1 551,1 мың транзакция жасалды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, тиісінше, 32%

және 21%-ке артық, төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың жалпы сомасынан осы операциялардың үлесі 92,2% құрады. 2019 жылғы қаңтар-ақпан айларында төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз жүргізілген операциялар сомасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 62,3%-ке артып, 5710,3 млн теңгені құрады.

Есеп айырысу кезінде төлем карточкаларын пайдалануға арналған үлкен әлеует пен барлық алғышарттарға қарамастан, төлем карточкаларын пайдалану отырып қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бүгінгі күні облыс тұрғындары арасында әлі де кеңінен тарала қойған жоқ. Мұның бір себебі, төлем карточкаларының көптеген ұстаушылары оларды ақша алу құралы ретінде қабылдауында, ал карточкалық шотқа аударылған соманы көпшілігі бірден қолма-қол ақшаға айналдырады. Бұл облыстағы төлем карточкалары нарығының басты мәселесі және ол бірнеше негізгі факторларға байланысты:

- тұрғындарды тауар, жұмыс және қызметтер үшін есептесуде төлем карточкаларын пайдаланудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы жеткіліксіз хабардар ету;

- тұрғындарда төлем карточкаларында ақша құралдарының сақталуына деген сенімнің бол-

мауы, қолда қолма-қол ақшаның болу ниеті мен әдеті;

- POS-терминалдарды пайдаланғаны үшін алынатын комиссияның жоғары пайыздық мөлшерлемесі;

- сауда ұйымдарында POS-терминалдардың болмауы.

Қазіргі уақытта төлем карточкалары нарығы мен қолма-қолсыз төлемдер жүйесі дамуы үшін барлық алғышарттар мен жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, төлем карточкалары нарығының статистикасынан төлем карточкалары нарығы көрсеткіштерінің саны мен сапасының жыл сайын өсуінің тұрақты беталысы көрінеді.

Сауда ұйымдары толық көлемде қажетті жабықтармен жабықталса және пластикалық карточкаларды қолдануға жаппай көшуге дайын болса, онда тұрғындар да оған ауыса бастайды және қолма-қол ақшасыз төлемдердің барлық артықшылықтарын лайықты бағалай алады.

Қолма-қол ақшасыз төлемдерді одан әрі дамыту және оны нарықтың барлық сегменттеріне, әсіресе бөлшек сауда саласына енгізу төлем карточкаларын қабылдау жөніндегі инфрақұрылымның, әсіресе ауылдық жерлерде қалай тез дамуына байланысты болады.

**А.АЛИБЕКОВА,**  
**ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының бөлім басшысы.**

## Жоғары оқу орнына түсуші талапкерлер назарына!

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жоғары білім бағыттары бойынша талапкерлерден Ұлттық бірінші тестілеуден өту үшін құжаттар қабылдайды. Жоғары оқу орнында қабылдау мерзімдерінің өзгеруіне байланысты мемлекеттік білім беру гранты негізінде немесе ақылы негізде оқуға түсем деген орта білім беру ұйымдарының өткен жылдардағы бітірушілері мен техникалық, кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (колледж) ағымдағы және өткен жылдардағы бітірушілерден Ұлттық бірінші тестілеуге қатысу үшін өтініштер қабылдау тек 2019 жылдың мамыр айының 10-на дейін жүргізілетінін хабарлаймыз.

**Қабылдау комиссиясының мекен-жайы: 120014, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 66. Байланыс тел: 23-53-92. Маршруттар: №6, №5, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №17, №18, №20, №21, №22, №31. Аялдама: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың 5-оқу ғимараты.**

(ҚР Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылдың 11 желтоқсанында №12019394 лицензиясы берілген)

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

ҚР Президентінің 29.12.2015 жылғы №153 «ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы талаптарының орындалуы және ҚР-ның 18.11.2015 жылғы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 8(7242) 23-79-88 «сенім» телефоны жұмыс істейтіні жайлы хабарлаймыз.

## Телебағдарлама



20:00 «Jahan-sarap»  
20:20 «Күйілілді тапқырлар алаңы»  
21:45 «Ертұғырыл»  
23:35 «Күнім, сен сөнбеші».

### QAZAQSTAN

**Сенбі, 4 мамыр**  
5:05, 2:50 «Koñil tolquny»  
5:25 «Айналайын»  
6:45 «Dara jol»  
8:00 «Senbilik tañ»  
9:00 «Shipager»  
9:55 «Хайди»  
10:15 «Pataғуы»  
11:55 «Әзіл әлемі»

13:55 «Бажалар»  
15:50 «Jaidarman»  
18:00, 1:25 «Masele»  
18:35, 3:45 «Көшпенділер»  
19:00, 2:00 «Minber»  
20:00 «Qaiyrlı kesh, Qazaqstan!»  
21:45 «Ертұғырыл»  
23:35 «Құрылғымен басқаратын өмір»

**Жексенбі, 5 мамыр**  
5:05 «Qaiyrlı kesh, Qazaqstan!»

6:40 «Айналайын»  
8:05, 3:10 «Aqsayut»  
8:30 «Хайди»  
8:55 «Зақ дауыл»  
9:45, 1:35 «Dara jol»  
11:10 «Uly dala sazuy»  
12:30, 2:40 «Тұлға»  
13:00, 3:30 «Koñil tolquny»  
13:30 «Көңілашар»  
15:15 «Бажалар 2»  
17:20 «Веу»  
19:00 «Арпа»

### QYZYLORDA

**Сенбі, 4 мамыр**  
7:35, 10:20, 15:25, 16:00, 0:00 «Сіз білесіз бе?»  
8:00 Жаңалықтар  
8:30 Новости  
9:00 X/ф «Девушка джигит»  
10:45 «Тақиялы періште»  
11:30 «Қоқтейлі»  
12:00 «Ұлт саулығы»

13:00 «Алка»  
13:40 «Салық және халық»  
14:00 «Мен қазақтың қызымын»  
17:00 «Астана – махаббатым менің»  
18:00 «Ақиқат алаңы»  
18:30 «Марламқаш»  
19:00 «Жастарtime»  
20:00 «Ақсарай»  
20:35 «Заң сөйлейді»  
21:00 «Үштаған»  
21:40 «Қайырлы кеш, Қызылорда!»  
22:35 X/ф «Оралман»

**Жексенбі, 5 мамыр**  
7:35 «Есіңе ал»  
9:35, 0:00 «Сіз білесіз бе?»  
10:00 «Марламқаш»  
10:45 «Туган өлке»  
11:00 «Ақиқат алаңы»  
11:35 «Заң сөйлейді»  
12:00 «Мәслихат»  
12:30 «Ой-таным»  
13:00 «Үштаған»  
13:40 «Репортер ұсынады»  
14:00 «Отан-ана»  
16:00 «Қайырлы кеш, Қызылорда!»

17:00 Б.Жанұзактың орындауындағы әндер  
17:45 «Бизнес-бағдар»  
18:00, 21:00 «Апта ағымында»  
18:10, 21:10 «Қызылорда за неделю»  
18:20 «Ақсарай»  
19:00 «Емен-жарқын»  
19:30 «Қазақстан тынысы»  
20:00 «Сыр сүлейін сұрасаң...»  
20:30 «Өмір-өлен»  
20:40 «Юридическая консультация»  
21:25 X/ф «Ұлтжанды».

## Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау» компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

Төмендегі қызмет түрлері онлайн түрде [www.services.atameken.kz](http://www.services.atameken.kz) порталы арқылы көрсетіледі:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Келен рәсімдері бойынша қызметтер;
3. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
4. Заң қызметтері;
5. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер;
6. Ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі саласында кеңес беру қызметтері;
7. Мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын қолданушылардың сатып алулары бойынша қызметтер;
8. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы қызметтер.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында төмендегі қызметтерді офлайн түрде алуға болады:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
3. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер.

Толығырақ мәліметті Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 42 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығынан алуға болады.

Облыс аудандарындағы Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы филиалындағы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында қызмет түрлері кәсіпкерлер өтініші бойынша көрсетіледі.

### Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары:

Арал ауданы – Арал к., Бастыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.:8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, №9 үй, тел.:8/72438/79243;

Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.:8/72433/79199;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.:8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.:8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Терөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 А үй, тел.:8/72436/79179;

Шиелі ауданы – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.:8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.:8/72435/79120;

Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.:8/33622/23527.

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02.**

**Call-Center - 1432.**

## Көзден өшпес, көңілден көшпес ол енді

Асыл әке, аяулы жар, ағайынға қадірлі, досқа сыйлы азамат, су шаруашылығы саласының білікті маманы Орынбасар Сұлтанұлы Оспановтың дүниеден өткеніне бір жылдың жүзі болыпты.

Құдіреті күштіден басқаға бағынбайтын уақыт өз дінгеінен дөңгелеп өмірді алға сүйреп қанша алыстатса да, асылмыздың бейнесі бір сәтке көзден де, көңілден де кеткен емес.

Ұстаздар әулетінен тәрбие алып өскен ол өмірде өте кішіпейіл, көркем мінезді, айналасына шуағын шашып отыратын кен кеуделі адам болды. Кісінің аманаты мен ақсына адалдығы, ешкімнің көңіліне кір жұқтырмайтын тазалығы көпшілікті тәнті ететін. Кәсіби маман, шебер ұйымдастырушы есебінде оны қызметтестері де қадірлеп, жас мамандар үлгі тұтты. Еңбек жолын Шардара құрылыс басқармасынан бастап, ПМК-66 мекемесінде табан аудармай 25 жыл қызмет етті.

Біз міне, асыл азаматымызға Жаратқаннан жарылқау тілеп, жылдық асының садақасын бергелі отырмыз. Барша



ағайынның осы дұға-тілегімізге қосылғанын қалаймыз. Алдың жарық болсын, асыл азаматымыз! Алла мәңгілік мекеніңді жұмақтан бұйыртқай! Жолдадық Құран-хатымды, Жұмақтан атысқан нұр таңың. Ардақтап асыл атыңды, Ұмытпаса мәңгі ұрпағың.

\*\*\*

*Орынбасар Сұлтанұлының жылдық асы 4 мамыр күні сағат 12-де «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде өтетінін хабарлаймыз.*

**Еске алушы Көшкінбаевтар және Оспанов әулеті.**



**Сенбі, 4 мамыр**  
5:00 «Ұят болмасын»  
5:45 «Отаның десем...»  
7:30 «Өзін өзі тану»  
7:45, 23:45 «Мен - чемпион»  
8:15 «Юху и его друзья»  
8:45 «От винта»

10:15 «Марс»  
11:00 «Тайны. Судьбы. Имена»  
11:45 «Бір туынды тарихы»  
12:15 «Сені іздедім»  
13:00 «Жұлдызды жекпе-жек»  
14:45 X/ф «Левша»  
16:15 «Шашу»  
18:15 «Кызык times»  
19:15 «Миллион кімге бұйырады?»  
20:00 «7 күн»  
21:00 X/ф «Миф»  
23:00 «Вишневый сезон»

0:15 «Әсем әуен»  
**Жексенбі, 5 мамыр**  
5:00 «Ұят болмасын»  
5:45 «Тамаша»  
6:25 «Айналым елім»  
7:45 «Самопознание»  
8:00 «Юху и его друзья»  
8:30 «Нико 2»  
9:45 «Сделано из вторсырья»  
10:15 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»

11:00 «Қызык times»  
12:00 «Қарақатпен шай»  
12:45 «Миллион кімге бұйырады?»  
13:30 X/ф «Миф»  
15:30 «Күлш»  
18:20 «Жұлдызды жекпе-жек»  
20:00 «7 күн»  
21:00 «Большая неделя»  
21:40 X/ф «Посейдон»  
23:15 «Вишневый сезон»  
0:00 «Әсем әуен»  
0:30 «Әр үйдің сыры басқа».



**Сенбі, 4 мамыр**  
5:00 «В розыске»  
6:00, 3:15 «Тамаша city»  
6:50 «Басты жаңалықтар»

7:40 «Үшқалақ»  
7:50 «А снег кружит»  
11:35 «Фабрика грез»  
12:00, 21:00, 1:30, 4:00 «П@утина+»  
12:40 «КВН 2019»  
15:05 «Вопомни меня»  
17:00 «Basty bagdarlamama»  
17:45, 2:15 «Кешік кездесу»  
19:00 «Главные новости»  
19:30, 22:00 «Акушерка. Новая

жизнь»  
23:10 «Великий уравнитель»  
**Жексенбі, 5 мамыр**  
5:00 «Волчий зал»  
5:55, 1:35 «Тамаша city»  
6:45 «Basty bagdarlamama»  
7:30 «Үшқалақ»  
7:40 «Воскресные беседы»  
7:50 «Жених для дурочки»

11:35, 3:15 «Content»  
12:15 «Лучше всех!»  
13:30 «Сезон охоты»  
15:00 «Райский уголок»  
19:00 «Аналитика»  
19:55, 1:05, 3:45 «П@утина+»  
20:30 «Махаббатым жүрегімде»  
22:00 «Жизнь взаимно»  
23:50 «Я вижу свет»  
2:20 «Тамада battle».



**Сенбі, 4 мамыр**  
6.05, 1.10 «Үлкен үй-1»  
7.10 «Біздің концерт»

8.20, 0.40 «Юрмала»  
10.20 «Несмешная любовь»  
12.00 «Радуга в небе»  
16.00 «Армандаған достық»  
20.00 «Большие новости»  
21.00 «Дом надежды»  
2.20 «Біздің концерт»  
3.20 «Мерекелік концерт»

4.00 «КТК» қоржынынан»  
**Жексенбі, 5 мамыр**  
6.05 «Армандаған достық»  
8.20 «Юрмала»  
10.50 «Дом надежды»  
14.50 «Чужая милая»  
18.30 «Дау-дамайсыз»

19.00 «Аптап»  
20.00 «Соседка»  
22.10 «Охота на верного»  
23.50 «Я стесняюсь своего тела»  
1.20 X/ф «Өкініш»  
2.50 «Мерекелік концерт»  
3.40 «Әнім сен едің»  
4.30 «КТК» қоржынынан».



**Сенбі, 4 мамыр**  
5:00, 0:30 «KazNet»  
5:30, 20:10 «Таңдауым сен»  
6:30 «Алдар көсе»  
7:00 «Маша и медведь»  
8:00 «Пингвины из Мадагаскара»  
8:30, 11:00 «MoneyTime»  
8:45, 11:20 «ТенгеманияNEXT»

9:00, 21:10 «Абысындар»  
11:40 «Алдар көсе»  
12:20 Союзмультифильм  
13:00 X/ф «Армандастар»  
15:00 X/ф «Шаг вперед. Все или ничего»  
17:00 «Бір туған»  
18:00 «Ел аузында»  
19:00 «Біздің уақыт»  
19:45 «Ғажайып Қазақстан»  
22:10 X/ф «Ескерту»  
1:00 «Күлдірген»

2:00 «Әзілстан»  
2:30 «Ой мен ойын»  
**Жексенбі, 5 мамыр**  
5:00 «KazNet»  
5:30, 20:00 «Таңдауым сен»  
6:30 «Кунг-фу Панда: Удивительные легенды»  
7:00 «Маша и медведь»  
8:30, 10:00 «MoneyTime»  
8:45, 10:20 «ТенгеманияNEXT»  
9:00, 21:00 «Абысындар»

10:40 «Маша и медведь»  
12:00 Союзмультифильм  
13:00 X/ф «Сабыр»  
15:00 X/ф «Менің ағам бойдақ»  
17:00 «Бір туған»  
18:00 «Ел аузында»  
19:00 «Избранное за неделю»  
19:45 «Ұлы дала ұлағаты»  
22:00 X/ф «Волна»  
0:20 «Күлдірген»  
1:50 «Ой мен ойын»  
2:20 «KazNet».



**Сенбі, 4 мамыр**  
5:00 «Қыздар арасында»  
5:30, 2:00 «Себебі сен»

7.30 «Ата-ана. Бала-шаға»  
8.00 X/ф «Младенец на \$30 000 000»  
10.50 X/ф «Миф»  
13.30 X/ф «Аждахананы алмас кылышы (Меч дракона)»  
15.40 «Няня аға»  
18.30 «Япырай»  
19.00 «Tele Bingo»  
19.40 «Q-ель»  
20.00 Лотерея 777  
20.05 X/ф «Брат или брат

22.10 X/ф «Поцелуй дракона»  
0.10 «Кобра 11»  
3.30 «Гу-гулет»  
4.00 «Жеңіл көр»  
**Жексенбі, 5 мамыр**  
5.00 «Қыздар арасында»  
5.30, 2.00 «Себебі сен»  
7.30 «Айнаолайн»  
8.00 «Юморина»  
9.40 «Реквием для свидетеля»

14.00 «Мағауия Қозбағаровтың, Күлкістан, әзіл-сықақ отауының Ұмытпапыз 11-жыл атты мерей тойлық концерті»  
16.40 «Бастық боламын-2»  
19.30, 3.30 «Гу-гулет»  
20.00 Лотерея 777  
20.05 X/ф «Робокоп»  
22.30 X/ф «Громобой»  
0.50 «Спецотряд «Кобра 11»  
4.00 «Жеңіл көр».

# Параби кубогіне қатысушылар: «Арба билеуге кедергі емес»

Қызылордада 2 күн бойына «QYZYLORDA CUP – 2019» би спорты бойынша ҚР би спорты федерациялары ассоциациясының құрметті президенті Қажымқан Мәсімовті еске алуға арналған Қазақстан Республикасының халықаралық турнирі өтті. Турнир аясында параби бойынша ел кубогі ұйымдастырылды.

Турнирді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің комитеті, облыстық дене шынықтыру басқармасы және спорт басқармасы, ҚР би спорты федерациялары ассоциациясы, облыстық би спорты федерациясы және «Орда» спорттық би клубы облыс, қала әкімдіктерінің қолдауымен өткізді.

«Қазгермұнай» компаниясы Қызылорда облысының би спорты федерациясына серіктес болды. Ерекше адамдарды оңалтуға көмек көрсету «Қазгермұнай БК» ЖШС-ның әрдайым назарында. Параби кубогінің қолдау арқылы бишілерді жарқын өмірге шабыттандырып, ерік-

жігерлерін жани түсті. Арбаға таңылғандарына қарамастан, қайсарлықтың үлгісін танытып, жан-жағындағыларға өмірді сүйе білуді үйретіп жүрген жандарды демеудің жөні бөлек. Компания жарыстың жүлдегерлері мен жеңімпаздарына арналған кубок, медаль сатып алуға және турнир өткізілетін орынды даярлауға демеушілік көрсетті.

Турнирге Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстаннан 500-ден астам би дүзеттері қатысты. Ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Р.Рүсметов спорттың осы түрін серік еткен барша қатысушыларға сәттілік тіледі. ҚР спорттық би федерациялары ассоциациясының президенті Қ.Байжанов Қ.Мәсімовтің арбадағы би өнерінің дамуына қосқан үлесі, спортшыларға көрсеткен қолдаулары туралы айтты.

Бұл жарыста спортшыларды мүгедектігіне байланысты 1 және 2 сыныпқа бөледі. Бишілер танго, вальс, самбо, румба және джайв билерінен сайысқа түсті. Жарысқа қатысушылардың сәнді костюмдеріне, жеңіске деген құлшынысына, сахнада өз-өздерін ұстауына көрермендер ерекше ықыласпен



қол соқты. Өнерпаздардың әр қимылы, әуенді сезінуі олардың әрқайсысын жеңімпаз деп тануға жеткілікті болды. Арбаға таңылған жандардың паркетке шығуының өзі жеңіс емес пе?

Турнир өткен спорт кешенінде сол күндері қалыптасқан ерекше атмосфера қатысушыларға мүмкіндігі шектеулі

екеңдіктерін ұмыттырып жібергендей. Олар би арқылы бойдағы күш-қуатын, өмірге құштарлығын көрсете білді.

Бізбен әңгімесінде Тараздан келген Н.Ахметова өз өмірінде бидің алатын орнын айтты. Бала шағынан би спортымен айналысқан ол қапыда болған апаттан аяғынан айырылғанымен,

жігерін жасытпады. Қазір Қазақстанның 5 дүркін чемпионы, осы сайыстың да үздігі атанды.

– Паркетке шыққанда барлығын ұмытып, шын ынтаммен әуен мен биге берілемін, – дейді ол.

Жеңімпаздар қатарында жерлестеріміз Е.Дәрібаев пен Р.Смағұлова да бар.

«Қазгермұнай» компаниясы парабишілерге еліміздің кубогына қатысқандары үшін алғыс айтты. Күн сайын ерлік жасап жүрген, ағысқа қарсы жүзіп, ерік-жігерлерін мұқалтпаған, сөйтіп шеберліктерін дәлелдеген олар қандай құрметке де лайықты.

М.МЕРЕЙ.

## Жетілген заң – жаңа заман талабы

Жаңа уақыт әрдайым жаңа бастамаларды талап етеді. Осылайша еліміз жылдан жылға жаңа белестерді бағындырып, түрлі салада жаңа идеялар мен жаңаша көзқарастар енгізілуде. Дамудың барлық салаларымен қатар, қоғамдағы шаралармен қатынастарды реттеп отыратын нормативтік-құқықтық актілерге де заман ағымына қарай жаңаша ережелер енгізіледі. Бұл талап Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында да анық көрсетілген.

Елбасының сот саласына қойған басты талабы жүктемені азайту, процесті жеңілдету, сот ісін жүргізудің жылдамдығын арттырып, ашықтығын қамтамасыз ету болып отыр. Осыған байланысты қазір азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша татуласу рәсімдерін енгізу кең етек алууда.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу немесе партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімге келе алады. Ал сот тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдайды, процестің барлық сатыларында дауды реттеуде оларға жәрдемдеседі.

Әкімшілік-деликттік құқықты әрі қарай ізгілендіруге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау барысында заңдылықты күшейтуге бағытталған шаралар көпшіліктің көз алдында. Уақытқа сай жаңарып отыратын әкімшілік заңнамада саланы ізгілендіру, соттарға жүктемені азайту шаралары қамтылып, осыған байланысты соттардың және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттілік берілген органдардың құзыреті нақтыланады. Еліміздегі орта және

шағын кәсіпкерлікті дамытуға орай сала субъектілері үшін айыппұлдар мөлшерлері азайтылып, әкімшілік жазаның түрі ретінде ескертуді қолдану аясы кеңейтілген.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдардың құзыреті қайта қаралып, атап айтқанда, санкцияларында айыппұл түріндегі әкімшілік жаза көзделген баптар уәкілетті мемлекеттік органдардың қарауына беру жолымен соттардың жұмысы жеңілдетіле түседі.

Әкімшілік жауаптылыққа тарту рәсімін жаңғырту да сала жұмысындағы елеулі жаңалықтың бірі болып отыр.

**К.ЕСПЕНБЕТОВА,**  
Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы.

### БАЙҚАУ



## Балмасовтың бағындырған биігі

**М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясында дирижер Боздақ Рзаханов атындағы «Сикырлы тақша» ІІІ республикалық дирижерлар байқауы өтті.**

шыққан тұңғыш кәсіби дирижер әрі домбырашы Боздақ Рзахановтың шығармашылығын кенінен насихаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Дирижерлік өнер аясында жас дарынды таланттарды анықтап, олардың кәсіби шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік жасау.

Айта кетейік, бұл байқауға Мемлекеттік академиялық филармониясындағы қазақ оркестрінің бас дирижері Айтқали Жайымов бастаған білікті мамандар – Жалғасбек Бегендіков, Сәкен Әбдірахманов, Еркін Нұрымбетов және Рахат Мадреев қазылық етті.

«СБ» ақпарат.



## Иісшіл иттер көмегімен 88 қылмыстың беті ашылған

Қызылорда облысы Полиция департаментінің кинологиялық қызмет орталығы қылмысты ашуда, қылмыстың ізін кесуде қызметтік-іздістіру иттерін пайдаланып, нәтижесінде 88 қылмыстың бетін ашты.

Шынар БЕКБАН.

Облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлағандай, бүгінде орталықта 28 арнайы үйретілген ит бар. Олар қылмыстарды ашу, із кесу, есірткі, жарылғыш заттарды іздеу, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және одорология бойынша полиция қызметкерлеріне көмек көрсетуде. Мәселен, биыл 15

наурызда Жергілікті полиция қызметі мен Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы қызметкерлерінің жедел іздістіру іс-шаралары барысында «Арал-Шеп» бекетінде «Ниссан» маркалы автокөлігі тоқтатылды. Автокөлікті тексерген «Крона» атты ит көмегімен көлік жүргізушісінің қалтасынан қағазға оралған ерекше иіс бар шөп ұнтақтары, ал жолаушысы – Маңғыстау облысының тұрғыны сөмкесінен 2 бөлек скотчпен оралған ерекше иіс бар шөп алынды.

Сараптама қорытындысымен алынған заттардың 3,5 келі болатын «кептірілген марихуана» екендігі анықталған. Қызметтік иттер тәртіп сақшыларының сенімді серігі екенді анық.

### ОЙТАЛҚЫ

## Мәдениетті кім?

Дағыстанда лак дейтін аз санды ұлт бар. Ол ағайындар азығына қарамай дүниенің төрт бұрышына шашырап кеткен.

Негізінен, колөнерші халық. Таулықтар: «Қарбызды тілгенде абай бол, ішінен лак шыға келмесін», – деп әзілдейді екен. Алыс сапарға, жат елге ұлын аттандырып тұрып анасы: «Үлкен шаһарда көптен бірге ас ішкенде абай бол, арасында өз кандасың болуы мүмкін», – деп өсиет айтады.

Лак халқының үлкен ақыны Әбутәліп бірде Мәскеуге барыпты. Көшеде келе жатып көлденең жолыққан адамнан базардың қайда екенін сұрайды. Ол ағылшын екен. Әбутәліптің айтқанын түсінбеген еуропалық онымен ағылшынша, французша, испанша ұғыспақшы

болады. Өкініштісі, екеуі тіл табыса алмаған.

Осы оқиғаны естіген шала оқымысты дағыстандық туысқан Әбутәліпке қаратып:

– Мәдениет деген сол. Егер сенің мәдениетің жоғары болғанда ағылшынмен сөйлесер едің, – дегенде, Әбутәліп оған:

– Дұрыс айтасыз, бірақ ол ағылшын менен мәдениетті емес шығар. Ол да мен айтқан авар, лак, тат, құмық тілдерін түсінбеді ғой, – депті.

Дайындаған  
Рүстем АЙБОЛАТ,  
ҚМУ-дың І курс студенті.

### Маман қажет

Жедел түрде экскаваторщик, автокрановщик және кірпіш зауытына жұмысшылар қажет. Жатын орын және тамақпен қамтамасыз етіледі. Байланыс тел.: 87770582469. (3-3)

Газетіміздің келесі нөмері 3 мамыр, жұма күні шығады.

[www.facebook.com/syrboyi.kz/](https://www.facebook.com/syrboyi.kz/)

<https://twitter.com/syrboyi>

[www.instagram.com/syrboyikz](https://www.instagram.com/syrboyikz)

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

**Қуат ШАРАБИДИНОВ**

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)

Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.